

III- ТАРАУ

Кіші мектеп жасында жүргізілетін психодиагностика (7-10 жас)

Кіші мектеп жасындағы балаларды анықтау ерекшеліктері

Мектепке келгеннен бастап, баланың психологиялық даму деңгейі, жекелік ерекшелігі айқындала бастайды. Бұл, ең алдымен, ақыл-ойы, моральдық даму деңгейінен көрініс береді. Білім алушы ортақ нұсқау деңгейінде психодиагностикалық жағдайға түрліше әсерлене алады. Баланың көзқарасы өз деңгейінде қалыптасқан, психодиагностика тапсырмасын қиналмастан орындайды. Кіші мектеп жасындағы балада қандай да бір психодиагностикалық әдістемені пайдаланбас бұрын, жекелік даму деңгейіне шынайы көңіл бөліп, баланың ақыл-ой деңгейіне сәйкестігін, тіпті жеңіл болып кетпеуін қадағалау қажет.

6-7 жастағы баланың мектепте оқуға даярлығын қарастыратын болсақ, орта есеппен алғанда оның 50-80% қандай да бір ерекшелігі және кіші мектеп бағдарламасы бойынша материалды толық игеруге, жалпы мектепте оқуға әлі дайын болмайды. Көпшілігі дене бітімі бойынша оқуға дайын болса, психологиялық даму деңгейі бойынша мектепке дейінгі баланың (5-6 жас) деңгейіне сәйкес болып тұрады. Егер мұндай балаға жеткілікті күрделі, жас ерекшелігіне сәйкес ырықты, ырықсыз зейін, есте сақтау және қиялға арналған психологиялық тест ұсынсақ, бала оны орындай алмайды.

Мұндай қиындық ақыл-ой қабілетінен емес, тұлғалық-психологиялық даму деңгейінің жетіспеушілік себебінен туындайды. Егер, керісінше тура сол тест тапсырмасын ойын түрінде ұсынатын болсақ, тестілеу нәтижесі жоғары болуы ықтимал.

Бұл жағдайды мектепке келген, әсіресе бірінші және екінші сынып білім алушысын диагностикалауда міндетті түрде ескеру қажет.

Үшінші және төртінші сыныпта білім алушыға қатысты айтатын болса, оны психодиагностикалау үшін ересек адамға арналған тестті қолдануға болады, бірақ тест тапсырмасы түсінікті болу керек. Түсінікті дегеніміз ол тапсырманың бала қабілетіне сәйкес болуы. Ескеретін жайт, күшті мотивация, қызығушылық, тестілеуге белсенді ұмтылыс болса, оның нәтижесі жоғары болады.

Психодиагностикалық тестілеу нәтижесі сенімді және шынайы болуы үшін психодиагностикалық әдісті келесі жүйе бойынша жүргізу тиімді деп санадық:

1. Баланың мектепте оқуға психологиялық даярлығы
2. Танымдық процес (қабылдау, зейін, ес, ойлау, қиял, сөйлеу).
3. Кәсіби бейімділік
4. Өзіндік бағалау.
5. Мотивация
6. Эмоциялық – еріктік өріс
7. Жеке қасиет
8. Ғұлғааралық қарым-қатынас
9. Тәрбиелілік деңгей
10. Ерекше және дарынды бала

Бөлім бойынша баланың мектепке қай жағынан дайындығын, дамуында қаншалықты жетілгенін нақты анықтауға болады. Бұл әдістеме баланың бейімділігін, нышаны мен қабілетін анықтауға мүмкіндік беріп, дамыту және түзетумен байланысты мақсатты түрде жұмыс жасаудың негізін қалайды.

Жүйелі психодиагностиканы кешенді түрде жүргізу мектептегі оқу-тәрбие жұмысының мәнділігін бағалауға мүмкіндік береді.

Зейінді анықтайтын әдістер

Ландольт сақиналары әдістемесі /зейіннің тұрақтылық және өнімділік қасиетін анықтау./

Мақсаты: Баланың зейінінің тұрақтылық және өнімділік қасиетін анықтау көрсетілген нұсқауы арқылы жүргізіледі.

Нұсқау: “Мен сенімен қазір ойын ойнаймын, бұл ойынның аты “Мұқият бол және жылдам жұмыс жасауға талпын”. Бұл ойында сен басқа балалармен жарысасың, одан кейін біз сенің қандай нәтижеге қол жеткізгеніңді байқаймыз. Менің ойымша, сен басқа балалардан гөрі жақсы орындайсың.”

Балаға ары қарай Ландольт сақиналары бейнеленген іс қағаз көрсетіліп, түсіндіріледі: ол сақиналар қатарын мұқият қарап шығып, бір жерден үзілген сақиналарды тауып белгілеу керек.

Тапсырма 5 минутқа созылады. Әр минут сайын жүргізуші «белгілеу» деген сөзді айтып тұрады және сол уақытта бала бұйрық берілген кезде тоқтаған сақинаны белгілеу керек. 5 минут өткен соң жүргізуші «бітіреміз» дейді. Осындай сөзден кейін, баланың келген жерінен тоқтату керек және тігінен екі белгі қояды.

Нәтижені өңдеуде жүргізуші баланың әр минут сайын және бес

минут аралығында қарастырған сақина санын анықтайды. Сонымен қатар әр минутта жіберілген қателер саны анықталады. Мына формула бойынша баланың зейінінің тұрақтылығын және өнімділігін анықтауға болады

$$S = \frac{0,5 N - 2,8 n}{60},$$


бұл жердегі: S – зейіннің өнімділігі мен тұрақтылығы;

N – баланың бір минутта қарастырған сақина саны

(егерде осы формуланың көмегімен зейіннің 5 минут ішіндегі тұрақтылық өнімділігі анықталатын болса, онда N – бес минут аралығында қарастырылған сақинаның санына тең болады, ал келесі n көрсеткіші – бес минут аралығында жіберілген сандардың қатесіне тең. (Ал осы формуланың бөлгіші – 300);

n – баланың осы уақыт аралығында жіберген қателер саны.

Нәтижені өңдеу барысында әр минуттық S көрсеткіші және барлық бес минутқа байланысты S көрсеткіші есептеледі. Алған нәтижелері бойынша график сызылады. Мектеп жасына дейінгі балалардағыдай интерпретация жүргізіледі.



Зейіннің бөлінушілік қасиетін бағалау.

Мұнда Ландольттың шеңбер әдістемесіндей нұсқау беріледі. Сол ынталандырушы материалы қолданылады. Бірақ бұл жағдайда балалар әр жерінен үзілген екі түрлі сақинаны тауып бір мезгілде әр түрлі етіп белгілейді, мысалы: жоғарыдан және сол жағынан, сонымен қатар бірінші сақинаны бір тәсілмен, ал екіншісін басқа тәсілмен белгілеу қажет.

Сандық өңдеу процедурасы мен нәтижелерді график түрінде көрсету тәсілі алдыңғы әдістемедегідей, бірақ нәтижелері зейіннің бөлінушілік қасиетін белгілейтін мәліметтер ретінде қарастырылады.

«Ойлан, тап»

Нұсқау: Жанармай құюшы қызметкер жүргізушіге қай майдан құюды ұсынып тұр? (қарындаш немесе қаламсап қолдануға болмайды)



Есті анықтайтын тесттер «Пиктограмма»

Мақсаты: Тікелей емес есте сақтауды зерттеуге бағытталған.

Ынталандырығыш құрал: Пиктограмма жүргізу үшін балаға ақ парақ (А4), қалам және есте сақтау үшін сөздер жинағы беріледі. 5-10 жастағы балалар үшін келесі 12 сөз жинағы қолданылады:

Көңілді мейрам	алдау
Дәмді кешкілік ас	қоштасу
Қатал тәрбиеші	даму
Ауыр жұмыс	соқыр бала
Жылы жел	қорқыныш
Ауру	көңілді орта

Нұсқау: «Мен қазір саған сөздерді оқимын, сен оларды есінде сақтап сабақтың соңында қайталауың керек. Сөздер көп, сондықтан есте сақтауда мұқият бол, тапсырманы жеңілдету үшін параққа осы сөз сен үшін нені еске түсіреді, соны салуыңа болады. Бірақ әріптерді емес суреттерді салу керек. Сөздер көп, ал парақ біреу- ақ болғандықтан суреттерді параққа сиятындай етіп сал. Суреттің сапасы емес сөздің дұрыс мағынасы маңызды болып табылады.

Тесттің жүргізілуі: Балаларға жоғарыдағы берілген сөздер және сөз тіркестері асықпай оқылады. Сонымен қатар, зерттеуші бала әріптерді емес, бейнелерді салуын бақылайды. Егер бала парақтың көп бөлігін алатын үлкен фигуралар сала бастаса оған ескерту жасау керек. Ескерту 2-3 сөзден кейін бір рет айтылады.

Егер зерттеуші баланың ешқандай мақсатсыз және мағынасыз, ойына келген, сөзбен ешқандай қатысы жоқ суретті салып жатқанына, яғни ол нұсқауды естімегеніне және түсінбегеніне күдіктенсе, баладан оның қандай сурет салып жатқанын және оның сөзге қандай қатысы бар екенін сұрау керек. Баланың сөзді ұмытпағанын анықтау керек.

Әр сөзді салуға берілетін уақыт шектелген және 1-2 минуттан аспауы керек. Егер балалар суретке қызығып, алғашқы суреттерге бөлшектер салып жатса, зерттеуші балаға суреттің сапасы емес, оның айтылған сөзбен байланысы маңызды екенін ескертеді.

Жұмыс аяқталған соң, зерттеуші қай сурет қай сөзге жататыны көріну үшін суреттерді нөмірлеу керек. 20-30 минуттан соң балаларға өздерінің сурет салған парақтары беріледі, оларға қарап бала сөздерді

есіне түсіру керек. Еске түсіргенде дұрыс еске түсірілген сөздер саны және қателер саны есептеледі. Сондай-ақ, «дәмді кешкілік ас», «тәтті кешкілік ас» немесе «қоштасу» – айырылысу сияқты сөздер дұрыс болып табылады.

Нәтижені талдау. Ең алдымен дұрыс еске түсірілген сөздердің саны есептеледі. Бұл жастағы балалар үшін қалыпты норма 10-12 сөздер (яғни 100% еске түсіру).

Бейнелі ойлаудың даму деңгейі суреттерді талдау арқылы зерттеледі. Сондай-ақ, ойлау деңгейі төмен балалардың суреттерінің тақырыппен байланысы аз, ал бейнелі ойлау деңгейі жоғары дамыған балалардың суреттері заттың мағынасын нақты көрсетеді. Мысалы: дәмді кешкілік асқа торт, тағам түрі салынады. Балалардың бірі сөздің мағынасымен байланысы жоқ суреттерді салуы да мүмкін, ескеру керек. Бірақ, бала сөздерді дұрыс еске түсіреді. Бұл жағдайда, ойлаудың төменгі деңгейі жақсы механикалық есте сақтаумен орны толтырылады.

Суреттердің паракта бір келкі емес, орналасуы, шектен тыс үлкен болуы ұйымдастырушылықтың төменгі деңгейін көрсетеді.

Есте сақтау типін зерттеу

Мақсаты: Бастауыш сынып оқушыларының есте сақтау түрлерінің (көру, есту, қимыл-қозғалысты) ерекшеліктерін және деңгейін зерттеу.

Қажетті құралдар: Есте сақтауға арналған тесттік сөздер жиынтығы.

Орындалуы: Оқушыларға есте сақтау үшін 4 топтағы сөздер біртіндеп ұсынылады.

0: бөлім

Нұсқау: «Мен қазір сендерге бірқатар сөздерді оқимын. Сіздер зейін қойып тыңданыңдар және барлық сөздер ұсынылып болғаннан кейін естеріңде қалған сөздерді жазыңдар»

Бірінші жиындағы сөздер арасында 4-5 секунд үзіліс болады (оқу барысында). 10 секундтық үзілістен кейін оқушы есінде қалған сөздерді жазып шығады.

Бірнеше уақыттан кейін (10 минут) оқушыларға көру арқылы есте сақтауға арналған сөздердің екінші жиынтығы ұсынылады.

1 бөлім:

Нұсқау: «Қазір тақтада жазылған сөздерді зейін қойып оқып алып, соңынан есінде сақтағаның бойынша жазып шығасың».

2 бөлім:

Нұсқау: «Қазір мен сөздерді дауыстап оқимын, ал сен артынша сөздерді саусақтарыңмен ауада жазып отырасың. Барлық сөздер оқылып болғаннан кейін, есінде қалған сөздерді паракқа жазып шығуың қажет».

5-10 минуттық үзілістен кейін көру-қозғалысты есту арқылы есте сақтауға арналған сөздер ұсынылады.

3 бөлім:

Нұсқау: «Қазір мен сөздерді оқимын, ал сендер осы уақытта үлестірмелі қағаз бойынша сөздерді байқап және әр сөзді іштей жәймен қайталаңдар. Соңынан естерінде қалған сөздерді жазыңдар».

Нәтижелерді өңдеу:

Алдымен, әр жобада дұрыс жаңғыртылған сөздер анықталады. Алынған көрсеткіштер келесі кестеге енгізіледі:

Оқушылардың аты-жөні	Есте сақтау типтері			
	Көру 0,7	Есту 0,5	Қозғалысты 0,6	Көру-қозғалысты 0,8
1				
2				
3				
4				
5				
6				
7				

Топтық көрсеткіштер бойынша негізгі талдау:

- Сынып оқушыларының есте сақтауының басым типі қандай?
- Есте сақтаудың қандай типі жақсы дамыған?
- Топ мүшелерінен ерекшеленетін жеке нәтижелер бар ма?

Зерттеуге арналған қосымша сұрақтар:

1) Ерікті есте сақтауға арналған:

қанат, тау, ағаш, сарай, таяқ, қағаз, сия, ара, қияр, терезе.

2) Бейнелі есте сақтауға арналған:

жер, шаш, теңіз, тас, қабық, үй, белгі, тышқан, тал, ертегі.

3) Қозғалысты есте сақтауға арналған:

дене, оқ, аспан, құм, кітап, бұтақ, шатыр, шам, ит, жұмбақ

4) Көру-қозғалысын есте сақтауға арналған:

өзен, өсімдік, арба, ешкі, мұғалім, апельсин, шөп, қасқыр, карта, саңырау құлақ.

Санды есте сақта әдістемесі

Мақсаты: Бұл әдіс баланың қысқа уақытта есту есінің көлемін анықтауға арналған.

Нұсқау: «Қазір мен саған сандарды айтамын, ал сен тез қайталап айтуың керек.

Орындалуы: Зерттеуші балаға ретімен төмендегі суретте берілген сандарды жоғарыдан төмен қарай оқиды, әр санды атағанда арасы 1 секунд болу керек. Әр қатардағы сандарды оқығаннан кейін бала зерттеушінің ізінен кейін қайталауы керек. Бала қате жібергенше жалғаса береді. Егер дәл сондай қате жіберілген сан қатарына ұқсайтын қате жіберілсе, оң жақтағы сан қатарын қайталап, балаға еске түсіруін сұрайды. Егер бала екінші рет сан қатарын еске сақтап, атағанда да дәл солай кателессе, онда мына берілген бөлімдегі психодиагностикалық зерттеу аяқталады, өткен қатардағы ең болмаса бір рет толығымен және қатесіз есте сақтаған қатардың ұзындығы белгіленеді және карама-қарсы реттегі сандарды оқиды. (А, Б суреті)

Нәтижесінде баланың қысқа уақытта есту еске сақтау көлемі анықталады.

Қорытынды баға

Тапсырма	Ұпай
Бала орташа 9 санды дұрыс атаса	10
Бала орташа 7-8 санды дұрыс атаса	8-9
Бала орташа 5-6 санды дұрыс атаса	6-7
Бала орташа 4 санды дұрыс атаса	4-5
Бала орташа 3 санды дұрыс атаса	2-3
Бала орташа 0-2 санды дұрыс атаса	0-1

10 ұпай - өте жақсы

8-9 ұпай - жоғары

4-7 ұпай - орташа

2-3 ұпай - төмен

0-1 ұпай - өте төмен

А (суреті)	Б (суреті)
1	3
24	79
386	154
1585	6852
46239	35961
489173	796483
5174238	9852163
14259763	42701895
А	Б
19163258	45719283
8592346	1795846
165298	317692
41372	28591
9265	4937
417	152
25	83
3	6

Әдістеме: «Сөздерді жатта»

Мақсаты: Әдістеменің көмегімен ес процесінің қайта жаңғырту түрін анықтаймыз.

Орындалуы: Бала бірнеше мүмкіншіліктен кейін қатесіз 12 сөзді айтып шығуы керек. Олар: ағаш, қуыршақ, шанышқы, гүл, телефон, стакан, құс, пальто, шам, сурет, адам, кітап.

Қатарды есте сақтау былай жүреді. Әрбір естіген сөзден кейін бала барлық қатарды қайта жаңғыртуға мүмкіндік алады. Жүргізуші баланың еске түсірген және дұрыс атаған сөзінің сапасын белгілейді, одан кейін сол қатарды одан әрі есептей береді. Барлық нәтиже толық алынып болғанға дейін алты мүмкіндік жасалады. Жаттығудың нәтижесі келесі тізбекте көрсетіледі, тізбектегі көлденең баланың жаңғыртқан қатары. Тігінен әрбір мүмкіндікте баланың дұрыс айтқан сөзінің сапасы.

Бағалау нәтижесі.

- 10 ұпай – бала 6 мүмкіндікте қатесіз 12 сөзді айтып шықты.
- 8-9 ұпай - бала 6 мүмкіндікте қатесіз 10-11 сөзді айтты.
- 6-7 ұпай - бала 6 мүмкіндікте қатесіз 8-9 сөзді атады.
- 4-5 ұпай - бала 6 мүмкіндікте қатесіз 4-5 сөз атады.
- 2-3 ұпай - бала 6 мүмкіндікте қатесіз 5-4 сөз атады.
- 0-1 ұпай – бала 6 мүмкіндікте қатесіз 3 сөзден артық айта алмады.

10 ұпай -өте жоғары.

8-9 ұпай - жоғары.

4-7 ұпай - орташа.

2-3 ұпай -төмен.

0-1 ұпай-өте төмен.

Әдістеме « Сөзді еске сақта»

Ұзақ және қысқа мерзімді – есту есін бағалау. Балаға келесі он сөз оқылады – үстел, дәптер, сағат, ат, аға, алма, ит, терезе, шам, от.

Жүргізуші осы сөздердің есте қалғанын айтып шығуды өтінеді.


6 – 7 жасар бала 5 – 6 сөзді қайталайды. Бұл қысқа мерзімді ес үшін жақсы көрсеткіш.

Бала аталмаған сөздерді атау және 5 рет қайталау, әдетте 5 қайталағанда бала 9 – 10 сөздің бәрін айтады. Бір сағаттан кейін бұл жаттығуға қайта оралып баладан еске түсіру сұралады. 6 – 7 жастағы бала үшін 7 – 8 сөзді еске түсірсе жақсы көрсеткіші.

Есте сақтау үрдісінің динамикалық ерекшеліктері

Орыдалуы: Балаға 10 сөзден тұратын сөздер қатары беріледі. Әрбір реттің қайталануынан бала қателеспейтіндей қатардағы сөздің саны анықталады. Балаға есте сақтау үшін сөздер қатарының ішінен біреуін таңдау ұсынылады:

1. Үй, парта, ақ, жақсы, алмұрт, бор, күшті, кесе, шырақ, үстел;
2. Мысық, қаламсап, қызыл, машина, биік, бояу жаққыш, мама, кітап, тауық;
3. Ит, терезе, гүл, кілем, төмен, конверт, аспан, әріп, түс;
4. Сағат, жел, балық, жұлдыз, піл, кәмпит, қағаз, стөл, жіп;



Сөздер қатарын қайталау саны

Ескерту. Бастауыш сыныптағы және мектепке енді баратын балалардың есте сақтау үрдісінің динамикалық ерекшеліктерін анықтауда әртүрлі сөздердің жинағын тиімді қолдануға болады.

Қайталаудың саны және оның қайта жаңғырту бұл әдісте 6 реттен жасалады. Есте сақтауды тексеру қорытындылары тізбек түрінде беріледі. Тізбек негізінде есте сақтаудың 2 түрлі динамикалық көрсеткіші анықталады.

- 1) есте сақтау динамикасы
 - 2) есте сақтау жемістілігі
- Сөз қатарының қайталану саны.

Есте сақтау процесінің динамикасы мінез бойынша қисық құрылады. Қайталаудан қайталауға дейін қисық жоғары бағытталса, бұл жеткілікті динамикалық болып табылады.

Егер қайталаудан қайталауға дейін нәтиже жақсармаса, орташа динамикалық болып табылады. Егер керісінше жақсарса динамикалық емес процесс болып табылады.

Нәтиже бағасы

Алынған мәліметтер бойынша келесі шкалалар бойынша 3 бағаның біреуіне ие болады.

Есте сақтаудың жеткілікті динамикасы - өте жақсы.

Орташа динамикалық – қанағаттандырарлық.

Динамикалық емес – қанағатсыз.

Есте сақтау өнімділігі ұпай бойынша көрсетіледі.

10 ұпай – бала 10 сөзді де қатесіз есте сақтайды.

6-7 ұпай - 6 рет қайталанғанда бала 7-9 сөзді дұрыс есте сақтайды.

4-5 ұпай - 6 рет қайталанғанда бала 4-6 сөзді дұрыс есте сақтайды

2-3 ұпай - бала тек 2-3 сөзді ғана есте сақтады. 0-1 ұпай -6 рет қайталанғанда бала тек 1 ғана сөзді есте сақтайды.

Тікелей емес есті анықтау

Қажетті құралдар: парақ, қағаз, қалам.

Нұсқау: «Мен қазір саған әр түрлі сөздер мен сөйлемдерді айтамын, мұнан кейін шағын үзіліс болады. Бұл уақытта сен параққа суретін саласың немесе есінде қалған сөздерді жазуың керек. Суреттерді немесе жазбаларды тез арада орындау қажет, әйтпесе біз барлық тапсырмаларды орындап үлгермейміз. Сөздер мен сөйлемдердің айтылуын міндетті түрде есте сақтау керек».

Үй. Таяқ. Ағаш. Жоғары секіру. Күн жарқырап тұр. Көңілді адам. Балалар доп ойнап жүр. Сағат тоқтап тұр. Қайық өзеннің бойында жүзіп жүр. Мысық балық жеп отыр.

Балаға әрбір сөзді немесе сөз тіркестерін оқығаннан соң зерттеуші 20 секунд үзіліс жасайды. Осы уақыттың ішінде бала параққа бір

нәрсені бейнелеп үлгеру керек, сол сурет арқылы ол қажетті сөздерді және айтылуын еске түсіреді. Егер осы берілген уақытта бала тапсырманы орындай алмаса, онда зерттеуші оны тоқтатып келесі сөздерді оқиды.

Зерттеуді аяқтаған соң психолог баладан суретті және жазуларды қолдану арқылы оқыған сөздерді еске түсіруін сұрайды.

Бағалау нәтижесі

Әрбір дұрыс айтылған өзіндік сурет немесе жазылған сөздер және сөз тіркестеріне бала 1 ұпай алады. Дұрыс айтылған сөздер мен сөз тіркестері есептеліп қана қоймай, есте сақтаудың қалпына келуі тура мағыналы сөздермен тексеріледі. Шамамен дұрыс айтылғандар 0,5 ұпаймен, ал қате сөздер 0 ұпаймен бағаланады.

Әдістеме қорытындысы бойынша жоғары баға 10 ұпайға тең. Мұндай бағаны бала тек қана сөздер мен сөздің айтылуын дұрыс еске түсіргенде алады. Төменгі баға - 0 ұпай. Бала өзінің суреті бойынша және жазылуы бойынша бірде – бір сөзді жаза алмайды, сурет сала алмағандықтан, есіне түсіре алмағанда алады.

Даму деңгейінің қорытындысы.

10 ұпай - өте жоғары дамыған есту есі;

8-9 ұпай – жоғарғы дамыған есту есі;

4-7 ұпай – орташа дамыған есту есі;

2-3 ұпай – төмен дамыған есту есу;

0-1 ұпай - өте төмен дамыған есту есту

Естің әртүрлі қасиетін зерттеуге арналған тесттер

Көру, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді есті бағалау.

Балаға таныс заттар бейнеленген 10 суретті кезекпен көрсетеді, әр суретті көрсету уақыты 1-2 секунд. Барлық 10 суретпен танысып болғаннан кейін, баладан еске сақтаған заттарды кезекпен айтып шығуы сұралады. Рет саны маңызды емес.

Баланың есте жалпы саннан қанша затты атағаны ескеріледі. Балаға ұмытып қалған суретті қайта көрсетіңіз. 10 минуттан кейін барлық суреттерді еске түсіруі сұралады.

Нәтижені белгілеп қойыңыз. 1 сағаттан кейін суреттердің барлығын еске түсіру ұсынылады. Әдетте, 6-7 жастағы бала 10 заттың 7-8 сіздің көмегіңіз арқылы қайта жаңғыртады.

Әдістеме «Сөзді еске сақта»

Ұзақ және қысқа мерзімді – есту есін бағалау. Балаға келесі он сөз оқылады – үстел, дәптер, сағат, ат, аға, алма, ит, терезе, шам, от.

Жүргізуші осы сөздердің есте қалғанын айтып шығуды өтінеді.

6 – 7 жасар бала 5 – 6 сөзді қайталайды. Бұл қысқа мерзімді ес үшін жақсы көрсеткіш.

Бала аталмаған сөздерді атау және 5 рет қайталау, әдетте 5 рет қайталағанда бала 9 – 10 сөздің бәрін айтады. Бір сағаттан кейін бұл жаттығуға қайта оралып, баладан еске түсіру сұралады. 6 – 7 жастағы бала үшін 7 – 8 сөзді еске түсірсе жақсы көрсеткіш.

Әдістеме «Сөз тіркесін есіне сақта»

Мағыналық есті бағалау. Балаға сөз тіркестерін оқу, мысалы:

1. Күзде жауын жауады.
2. Балалар ойнағанды ұнатады.
3. Бақта алма мен алмұрт өседі.
4. Әуеде ұшақ ұшады.
5. Бала апасына көмектеседі.

Баладан есте қалған сөз тіркесін қайталау ұсынылады. Мұнда ең бастысы сөзбе-сөз қайталау міндетті емес, әрбір сөз тіркесінің мағынасын жеткізсе болады. Бірінші рет бала сөз тіркесінің бәрін айта алмаса тағы бір рет қайталаңыз.

Есту, көру, моторлы-естуді анықтау әдістемесі.

Оқушыларға 10 сөзді көру арқылы қабылдау ұсынылады (сыныпта тақтаға баған түрінде жазылады).

Нұсқау: Балаларға еске сақтаған сөздерін жазып шығу айтылады. Алты қайта жаңғыртылған сөз көру есінің дамуы.

Моторлы – есту есі. Келесі сөзді дауыстап оқимыз – дене, оқ, құм, кітап, жел, шам, ит, жұмбақ, аспан, жаңбыр.

Балалардан осы сөздерді ауада жазу ұсынылады. Мұнан кейін осы сөздерді дәптерге жазулары қажет.


Аты - жөні _____

Білім мекемесі _____


Сыныбы (тобы) _____

Белгіні орналастыр


1) Бөліктерге белгіні орналастыру.




2) Үйшікке белгіні орналастыру.




Тап және сыз.



Белгіні орналастыр



Есте сақта және нүктені орналастыр.



Қиялды анықтайтын әдістер
 «Әңгіме құрайық» әдістемесі

Мақсаты: Қиял деңгейін анықтауға арналған.

Орындалуы: Балаға әңгіме құрауға тапсырма беріледі. Ойланып, әңгіме құруға 1 минут, ал оны қайталап айтуға 2 минут уақыт беріледі.

Қорытынды баға

Бұл әдістемеді баланың қиялының даму деңгейі төмендегі көрсеткіштер бойынша бағаланады:

1. Әңгімені ойлану жылдамдығы;
2. Әңгіменің өзіндік құрылымы, ерекшелігі;
3. Әңгімеге пайдаланған бейнені түрлендіру;
4. Әңгімеде алынған бейнені анықтауы және талдауы;
5. Әңгімеде алынған бейненің сезімділігі, әсерлілігі;

Әрбір көрсеткіш бойынша төмендегі тәртіппен 0,1 не 2 ұпай қойылады:

1- көрсеткіш бойынша:

- а) Егер бала әңгіме құруға 30 сек уақыт жұмса –2 ұпай
- б) 30 секундтан 1 минутқа дейін уақыт жұмса –1 ұпай
- в) 1 минут ішінде әңгіме ойлап таба алмаса – 0 ұпай

2 – көрсеткіш бойынша:

а) Егер бала бұрын көргенін, не естігенін жай жаттанды түрде әңгімелесе –0 ұпай

б) Бұрын көргеніне, не естігеніне өз ойын қосса – 1 ұпай

в) Әңгіменің құрылымы мен ерекшелігін түгел өзі ойлап тапса –2 ұпай

3 – көрсеткіш бойынша:

а) Егер бала әңгіменің басынан аяғына дейін бір кейіпкердің (жағдайын, затын) мінез-құлқын жалаң түрде қайталап айта берсе – 0 ұпай

б) Әңгімеде әртүрлі бейне колданса, 2-3 кейіпкер кездессе және оларға әртүрлі мінездеме берілсе – 1 ұпай

в) Әңгімеде 4 және одан да көп кейіпкерлер болса және әңгімелеуші оларға әртүрлі бағытта мінездеме берсе – 2 ұпай

4 –көрсеткіш бойынша:

а) Егер бала әңгімеде кейіпкерді атап қойып, оған қосымша мінездеме бермесе – 0 ұпай

б) Әңгімеде кейіпкерді атаса және басқа 1-2 белгі көрсетсе –1 ұпай

в) Әңгімеде айтылған зат үш және одан да көп белгімен сипатталса – 2 ұпай

5 – көрсеткіш бойынша:

а) Егер әңгімедегі бейне тыңдаушыға ешқандай әсер қалдырмаса, әңгімелеуші өз тарапынан ешқандай сезім тудырмаса – 0 ұпай

б) Әңгімелеуші өз сезімін жеткізе алмаса, тыңдаушы оны әсерсіз қабылдаса – 1 ұпай

в) Әңгімелеуші әңгімесін үлкен сезіммен, мәнерлеп жеткізсе және тыңдаушыларға жақсы әсер қалдырса – 2 ұпай

Қиял деңгейінің көрсеткіші

10 ұпай - өте жоғары

8-9 ұпай – жоғары

4-7 ұпай – орташа

2-3 ұпай – төмен

0-1 ұпай - өте төмен

Ойлау.

Нысаналардың ұқсастығы, айырмашылығы және себебін анықтау.

Мақсаты: Себеп пен түсініктің анықталуы – бұл бала дамуындағы интеллектуалды деңгейді бағалай отыратын, ойлау операциясы болып табылады. Ойлаудың ерекшеліктері баланың келесі сұрақтарға дұрыс жауап беруімен анықталады.

1. Жануардың қайсысы үлкен: ат немесе ит?

2. Адамдар таңертеңгілік асын азанда ішеді. Түскі және кешкі тамақты ішіп не істейді? (түстенеді, кешкі тамақтан кейін теледидар көреді).

3. Күндіз көшеде жарық, ал кешке? (қараңғы)

4. Аспан көк, ал шөп? (жасыл)

5. Алма, шие, өрік, алмұрт – (жеміс – жидектер)

6. Поезд жүргенде, неге шлагбаумды жабады?

7. Жамбыл, Жуалы, Байзақ, Астана (қалалар)?

8. Қазір сағат қанша? (балаға сағат көрсетіп, сұрайды)

9. Кішкентай сиырды бұзау дейді. Ал кішкентай күшік пен кішкентай қойды не деп атайды? (күшік, қозы)

10. Ит қайсысына көбірек ұқсайды? Мысыққа немесе тауыққа? (өз ойынша түсіндіру керек)

11. Машинаға тежегіш не үшін керек?

12. Балға мен балта бір-біріне несімен ұқсайды? (ұқсас қызмет атқаратын құралдар)

13. Мысық пен тиіннің ортақ қандай ұқсастықтары болуы мүмкін? Бұл сұрақта екі мағынада болуы керек, мысалы, бұл талға міне алатын, жұмсақ терісі, құйрығы, төрт аяғы бар жануар.

14. Шеге, винт және шруптың бір бірінен қандай айырмашылығы бар? (Дұрыс жауап: шегенің беті тегіс, ал винт және шуруп кесілген, шегені балғамен ұрады, ал винт пен шурупты бұрайды)

15. Футбол, ұзындыққа секіру, теннис, шомылу бұлар не? (спорт түрлері)

16. Көліктің қандай түрлерін білесің? (кем дегенде көліктің екі түрін атау керек)

17. Кәрі адам жас адамнан қалай ажыратылады? (қарттардың жас-стардан айырмашылығының екі белгісін атау керек)

18. Адамдар спорт және дене тәрбиесімен не үшін айналысады? (денсаулық сақтау, мықты, әдемі, ұзын болу үшін)

19. Егер адам жұмыс істегісі келмесе, неге оны жаман деп санайды? (дұрыс жауаптар: себебі барлақ адамдар жұмыс істеу керек, жақсы өмір сүру үшін, жұмыс істемесе тамақ, үйің, киімің болмайды)

20. Неге хатқа марка жабыстыру қажет? (дұрыс жауап: марка – бұл хат жіберу үшін төленген ақының белгісі)

Нәтижесін шығару

Бала әрбір дұрыс жауабы үшін 0,5 ұпай алады. Сондықтан бұл әдісте бала ең жоғарғы 10 ұпайға ие болады.

Ескерту. Дұрыс жауап осы мысалдарға сәйкес келетіні ғана емес, баланың басқа дұрыс жауаптары да есептеледі. Егер баланың дұрыс жауап бергеніне сенімсіз болсаңыз, онда 0,25 ұпай қоюға болады.

Даму деңгейінің қорытындысы

10 ұпай - өте үлкен

8-9 ұпай – үлкен

4-7 ұпай – орташа

2-3 ұпай – төмен

0-1 ұпай - өте төмен

**Кіші мектеп жасындағы оқушылардың
ақыл-ой дамуының деңгейін анықтау.
(З.Ф.Замбиявич ұсынған)**

Вербальды тапсырмаларды қосқанда тест төрт субтесттен тұрады, бастауыш сыныпта қолданылатын бағдарлама материалынан жинақталып алынған.

1. Субтест. Заттардың нақты белгілерін, дифференциациясын және нақты емес белгілердің пайда болуын және сыналушының білім деңгейін зерттеу.

2. Субтест. Нақты заттардың белгілерін және пайда болуын ажырата білу қабілеті, жалпылау және бұрмалау операцияларын зерттеу.

3. Субтест. Логикалық ойлау қабілетін және түсініктер аралығы мен қатынасты зерттеу.

4. Субтест. Жалпылау қасиетін анықтау.

Бұл тест сыналушымен жеке өткізілгені дұрыс. Бұл қосымша сұрақтар арқылы қателіктерін анықтауға және ойын зерттеуге көмек береді.

Жүргізуші тапсырманы дауыстап оқиды, себебі бала бірге ішінен қайталап отырады.

1. Субтест.

- а) етікте бар ... (бау, тоқыма, табан, белбеулер, түймелер)
- б) жылы жақта өмір сүреді... (аю, бұғы, түйе, тюлень)
- в) бір жылда... (24,3,12,4,7) айлар бар.
- г) қыс айы ... (қыркүйек, қазан, ақпан, қараша, наурыз)
- д) ең үлкен құс ... (қарға, түйеқұс, қаршыға, торғай, бүркіт, үкі)
- е) раушан-бұл... (жеміс-жидек, гүл, тал)
- ж) үкі әрқашан ұйықтайды (түнде, таңертең, күндіз, кешке)
- з) су әрқашан (мөлдір, суық, сұйық, ақ, тәтті,)
- и) талда әрқашан бар... (жапырақ, гүл, жеміс, тамыр, көлеңке)
- к) Ресей қаласы (Париж, Москва, Лондон, Варшава, София)

2-Субтест. Бұл жерде әр қатарда бес сөз берілген, бұлардың төртеуін топқа біріктіре бір ұғым береміз, ал бір сөз бұл топқа жатпайды. Осы артық сөздің астын сызып көрсет.

- а) жауқазын, лилия, ас бұршақ, түймедақ, қоңырау гүл.
- б) өзен, көл, теңіз, көпір, саз.
- в) қуыршақ, қонжық, құм, доп, күрек.
- г) Қаратау, Жаңатас, Астана, Қарағанды, Теміртау.

- д) ақ қайын, жаңғақ тал, үйеңкі, терек, қарағай
- е) шеңбер, үшбұрыш, төртбұрыш, тіктөртбұрыш, шаршы.
- ж) Абылай, Тәуке, Момышұлы, Кенесары, Мәмбет
- з) тауық, қораз, аққу, қаз, үндік.
- и) күні, бөлу, қосу, көбейту.
- к) көңілді, тез, мұңлы, тәтті, ұқыпты.

3-Субтест. Мына мысалдарды мұқият оқы. Бір-бірімен байланысты бір топ сөздер сол жақ бағанада жазылған (мысалы: орман, талдар). Оң жақта асты сызылған бір сөз (мысалы: кітапхана) және сызықтың астында бес сөз (мысалы: бақша, аула, қала, театр, кітаптар) Саған сызықтың астындағы бес сөздің біреуін таңдап алып, сызықтың үстіндегі бір сөзбен қосу керек. Бірінші мысалдағыдай.

Орман (ағаш = кітапхана) - бақша, аула, қала, театр, кітаптар.

Жүгіру (тұру = айқайлау) - Үндемеу, еңбектеу, шулау, шақыру, жылау.

Яғни, сол жақ пен оң жақ сөздер арасындағы байланысты табу керек.

- | | | |
|------------|---|--|
| а) қияр | = | георгин |
| ----- | | ----- |
| жидек | | арам шөп, шық, бақша гүл, жер |
| б) мұғалім | | дәрігер |
| ----- | | ----- |
| оқушы | | төсек, науқастар, палата, термометр |
| в) бақша | | бау-бақша |
| ----- | | ----- |
| сәбіз | | дарбаза, алма тал, құдық, орындық, гүл |
| г) гүл | | құс |
| ----- | | ----- |
| құмыра | | тұмсық, шағала, құстың ұясы, жұмыртқа |
| қолғап | | етік |
| д) ----- | | ----- |
| қол | | шұлық, табан, тері, аяқ, шөтке |

е) қараңғы	дымқыл
-----	-----
жарық	жарық, сырғанақ, құрғақ, жылы, суық
ж) сағат	термометр
-----	-----
уақыт	шыны, температура, төсек, науқас, дәрі
з) машина	қайық
-----	-----
мотор	өзен, теңізші, саз, желкен, толқын
и) орындық	ине
-----	-----
ағаш	өткір, жұқа жылтыр, қысқа, темір
к) стол	еден
-----	-----
скатерть	жиһаз, кілем, шаң, тақтай, шегелер.

Субтест. Бұл жұп сөздерді бір ұғым мен атауға болады.
Мысалы: сым, көйлек,...киім, ұшбұрыш, тік төртбұрыш... фигура.

Әр жұптарға ат ойлап тап.

- а) сыпырғы, күрек...
- б) окунь, карась...
- в) жаз, қыс...
- г) қияр, қызанақ...
- д) сирень, итмұрын...
- е) шкаф, диван...
- ж) күн, түн...
- з) піл, құмырсқа...
- и) маусым, шілде...
- к) ағаш, гүл....

Дұрыс жауаптар.

- а) Асбұршак
- б) көпір
- в) құм
- г) Москва

- д) жаңғақ тал
 - е) указка
 - ж) Нестеров
 - з) Аққу
 - и) күні
 - к) тәтті
- 1-Субтест
- а) табан
 - б) түйе
 - в) 12
 - г) ақпан
 - д) түйекұс
 - е) гүлдер
 - ж) күн
 - з) сұйық
 - и) тамыр
 - к) Москва

3-Субтест.

- а) георгин, гүл
- б) дәрігер, науқас
- в) бақша, алма ағаш
- г) құс, ұя
- д) етік, аяқ
- е) дымқыл, құрғақ
- ж) термометр, температура
- з) қайық, желкен
- и) ине, темір
- к) еден, кілем

4-Субтест

- а) жұмыс құралдары
- б) балық
- в) жыл мерзімі
- г) жидек
- д) куст
- е) жиһаз
- ж) өсімдік

з) тәулік мерзімі

и) жануар

к) жаз айы

Баға және интерпретация қорытындысы.

1-Субтест.

Егер бірінші тапсырманың жауабы дұрыс болса, не үшін бау емес? деген сұрақ қойылады. Дұрыс түсіндірілгеннен кейін дұрыс жауап 0,5 ұпаймен бағаланады. Егер жауап қате болса, балаға дұрыс ойланып жауап таңдау үшін көмек беріледі. Екінші мүмкіндіктен кейін дұрыс жауапқа 0,5 ұпай беріледі. Бұл субтестіге «е» және «к» дайындықтарына жауап қайта қате болса, онда әрқашан сөзінің мағынасы зерттеледі. Дұрыс жауап-сұрақтары үшін – субтестіге дайындық сұрақтары қойылмайды.

2-Субтест. Егерде 1 сұраққа жауап дұрыс болса, «неге?» сұрағы қойылады. Дұрыс түсіндірілген жауапқа 1 ұпай, ал дұрыс емес жауапқа 0,5 ұпаймен бағаланады. Егер де жауап қате болса, жоғарыда айтылғандай қолданылады. Екінші мүмкіндіктен кейін дұрыс жауап үшін 0,5 ұпай қойылады. 2 Субтест дайындықтарына да қосымша сұрақтар қойылмайды.

3-Субтест. Дұрыс жауап үшін -1 ұпай, мүмкіндіктен кейінгі жауап үшін 0,5 ұпай.

4-Субтест. Егер де жауап қате болса, тағы да келтірілген жауаптарға бағалар теңдестірілген. 3-4 субтестерді шешкен кезде анықтаушы сұрақтар қойылмайды.

Қорытындыларды зерттеу үшін әр баланың алған әр субтестте алынған және барлық субтестерді қоса алынғандағы ұпай сандары есептеледі. Әр зерттелуші барлық субтестерді қосқанда ең жоғары 40 ұпай алу керек (100 пайыздық үлгеріммен). Сонымен қатар 2 мүмкіндіктен кейін алынған дұрыс жауаптар ұпайларын есептеу дұрыс болады. Экспериментатор балаға қайта ойлануға мүмкіндік бергеннен кейін, дұрыс жауаптар көбейетін болса, бұл баланың алғашқы зейінінің дұрыс еместігін және ойланбай жауап бергендігін көрсетеді.

2. Мүмкіндіктің дұрыс жауаптарының ұпайларын қосу – баланың психикалық дамуында кешеуілдеу бар екенін және қай кезеңіне жататынын анықтауға мүмкіндік береді. Субтестердің үлгерімділік бағасының шешуі мына формула арқылы шешіледі.

$$YB = X \cdot 100\%$$

Мұндағы X-сыналушы адам алған ұпай саны.

Ұпайлау негізінде жекелік белгілерін бөлу үшін келесі үлгерімділік деңгейлері таңдалды;

4. үлгерімділік деңгейі -32 ұпай және одан жоғары (80-100%ҮБ).

3. үлгерімділік деңгейі-31,5-26 ұпайлар (79,9-65%)

2. үлгерімділік деңгейі 25,5-20 ұпайлар (64,9-50)

1. үлгерімділік деңгейі 19,5 және одан төмен ұпайлар (49,9% және одан төмен)

Оқушылардың өзін бағалауын зерттеу әдістемесі

Нұсқау: Егер сен осы сұрақтарға жауап берсең, міндетті түрде өзіңді тағы бір қырынан танитын боласың. Тестің сұрақтарын оқы. Ойлан. Толған. Оларға жауап бер.

1. Сабақ үстінде сен өзіңнің парталас бір досыңмен бір маңызды тақырыпқа сөйлесіп отырсыңдар. Сен мұғалімнің сендер жаққа жақтырмай қарағанын аңғардың. Сонда сен не істейсің?

А. Түк болмағандай сөзінді жалғастыра бересің - 1 ұпай;

Ә. Мұғалімнің ары қарағанын күтіп, көршіңе қайта бұрыласың - 2 ұпай;

Б. Сен ескерту алатыныңды түсінесің - 3 ұпай;

В. Сол сәттен қоңырау соғылғанға дейін тыныш отырасың - 4 ұпай.

2. Анаң сен ұнататын 200 грамм кәмпит сатып әкелді. Бұл тәттілер сенің үйіңде қанша күн сақталады?

А. 200 грамм ба? Ол аз. Мен оны бір отырғанда-ақ жеп қоямын! - 1 ұпай;

Ә. Мен сол сәтте кем дегенде оның жартысын жеймін – 2 ұпай;

Б. Мен бірден бірнешеуін жеп, қалғанын кейінге қалдырамын – 3 ұпай;

В. Мен асықпаймын. Рахаттана түсу үшін, күніне бір тал кәмпиттен гана жеп отырамын - 4 ұпай;

3. Жұма күні саған дүйсенбіге дейін орындалуы тиіс үй тапсырмасы берілді. Сен оны орындауға қашан кірісесің?

А. Оны орындамасам да болады ... -1ұпай;

Ә. Жексенбі күні кешкісін -2 ұпай;

Б. Сенбі күні -3 ұпай ;

В. Тура жұма күні мектептен келісімен -4 ұпай;

4. Досың сенің көзіңше бір күлкілі жағдайға ұшырады. Сен оны қанша уақытқа дейін мазақтап жүресің?

- А. Ұзақ уақыт сол оқиға ұмтылғанша -1 ұпай;
 Ә. Бірнеше күн деп ойлаймын -2 ұпай;
 Б. Бір-екі күн күліп ұмытып кетемін -3 ұпай;
 В. Мен оны мүлдем мазақтамаймын – 4ұпай;
5. Сенің туған күніңе әжең 500 теңге сыйлады. Сен оны қашан, қалай жұмсайсың?
 А. Сол күні-ақ дүкенге барып, сағыз, газды сусын, шокалад, балмұздақ сатып аламын -1 ұпай;
 Ә. Мен оны жұмсамас бұрын ойланамын. Содан кейін барып керек затымды аламын – 2 ұпай;
 Б. Мен асықпаймын. Қашан маған керегі болғанша, оны сақтап қоямын -3 ұпай;
 В. Мен өзім жинап жүрген қорыма қосып қоямын -4 ұпай;
6. Мінекей, көктем де келді! Кешқұрым жылы, қараңғылық кештеу түседі ... Сен достарыңмен қызықты ойын ойнап жатырсың. Үйге кешігіп келуің мүмкін бе?
 А. Әрине! Мен бір нәрсемен айналысып жатқанда, дүниенің бәрін ұмытып кетемін -1 ұпай;
 Ә. Егер шынымен қызықты болса, мен ойынды жағастыра бермін -2 ұпай;
 Б. Әрдайым мен уақытты бақылай білемін – 3 ұпай;
 В. Мен ойын барысында да үйге кеш бармау үшін, сағатыма қарап отырамын -4 ұпай;
7. Сен айтысуды қашан тоқтатасың?
 А. Мен қарсыласымды мойындатқанда ғана тоқтаймын -1 ұпай;
 Ә. Өз пікірімді айтып болғаннан кейін – 2 ұпай;
 Б. Айтысудың қажетсіз екеніне көзім жеткенде ғана -3 ұпай;
 В. Айтысуды мүлдем ұнатпаймын -4 ұпай;
8. Әлбетте, компьютерлік ойындарды жақсы көресің. Саған керемет бір ойын кездесті. Сен онымен қанша уақыт ойнай аласың?
 А. Өмір бойы – 1 ұпай;
 Ә. Күні бойы – 2 ұпай;
 Б. Бірнеше сағат -3 ұпай;
 В. Бір сағаттан артық емес. Өйткені компьютерде ұзақ отыру денсаулыққа зиянды -4 ұпай;
9. Өмірінде таңғажайып бір оқиға болды. Мысалы: ата-анаң саған туристік жолдама алып келді немесе армандап жүрген затыңды сыйлады немесе журналда сенің суретің басылды. Осы жайында кімге айтар едің?

- А. Барлығына -тіпті мысығыма да , итіме де -1 ұпай;
 Ә. Сыныптастарыма, мұғалімдеріме, туыстарыма, достарыма, жақындарыма, көршілеріме -2 ұпай;
 Б. Достарым мен туыстарыма -3ұпай;
 В. Ең жақын адамдарыма -4 ұпай;
- Ал, енді жинаған ұпайларыңды қос. Оның қорытындысы сенің қандай адам екеніңді көрсетеді.
 -9 дан 14 ұпайға дейін жинасаң: «қанағат сезімі» сен үшін белгісіз. Сенің талаптарың мен тілектеріңді аз ғана шектеу керек. Ол қасиетің сенің болашақтақтағы естияр өміріңе көмегін тигізеді;
 -15 тен 22 ұпайға дейін жинасаң: албырт, қызыққұмар адамсың. Сен өзіңнің ішкі «Меніңді» басқарып үйренуің қажет. Оған «ақыл», «ой», «сезім», «әрекет» секілді құндылықтар көмектеседі.
 -23 тен 30 ұпайға дейін жинасаң: сен «қанағат» сезімің жақсы білесің, сол себепті өзіңнің сезіміңді, ойыңды, әрекетіңді басқара аласың;
 -31- ден 36 ұпайға дейін жинасаң: сен бір әрекетті жасарда немесе сөзді айтарда артық кетпеу үшін жалтақтап тұрасың. Оның қажеті шамалы. Өзіңді-өзің еркін ұста.

Өзіндік бағалауды анықтайтын әдістер Әдістеме «Өзіңді қалай бағалайсың»

Мақсаты: Оқушылардың өзі туралы, өзіндік бағасын білуін анықтау.

Өзін және өзгелерді дұрыс бағалауды қалыптастыру. Алдын ала оқушылармен келесі сұрақтарды қойып әңгімелесуге болады немесе тестті сұрақнама түрінде ұсынуға болады .

- 1) Сені мақтаса саған ұнайды ма?
- 2) Сені жиі мақтай ма ? Сен жиі мақтағанды қалайсың ба? Егер сені мақтаса неліктен ұнамайды?
- 3) Қалай ойлайсың, сенің жолдастарыңа сенімен бірге болу ұнайды ма?
- 4) Балалар саған қандай рөл береді?
- 5) Сен өзіңе қандай роль таңдар едің?
- 6) Сен қалай ойлайсың сенің достарың, мұғалімдер, туған-туыстарың саған әртүлі қатынас жасайды ма?
- 7) Сенің ойыңша өзіндік баға деген не?

Өзіндік баға жеке адамның өзін, өзінің мүмкіндіктерін бағалау - өзіне деген талап, табыс пен сәтсіздікке деген қатынасты анықтайды. Өзін бағалау адамның бейімділігі мен өзіндік жетілу ынтасына байланысты. Оған келесі формуланы қолданылады:

$$\text{Өзіндік баға} = \frac{\text{табыс}}{\text{талаптану}}$$

Өзіндік бағаны анықтауға арналған “Мен қандаймын” әдістемесі

Іс-қағазды ұсына отырып, баладан әр түрлі жағымды қасиетін бағалауын сұрайды. “Иә” жауаптары 1 ұпай, “жоқ” жауаптары 0 ұпай, “білмеймін” немесе “кейде” 0,5 ұпаймен бағаланады. Өзіндік бағалау деңгейі баланың барлық мінез сапалары бойынша жинаған ұпай санымен анықталады.

“Мен қандаймын” әдістемесінің хаттамасы

№	Бағаланатын сапалар			Вербальды шкала бойынша Баға	
	Сапалар	Иә	Жоқ	Кейде	Білмеймін
1	Жақсы				
2	Қайырымды				
3	Ақылды				
4	Ұқыпты				
5	Тіл алғыш				
6	Зейінді				
7	Сапалы				
8	Қабілетті				
9	Еңбексүйгіш				
10	Адал				
11					

10 ұпай өте жоғары

8-9 – ұпай жоғары

4-7 ұпай орташа

2-3 ұпай төмен

0-1 ұпай өте төмен.



Де-Греефэ бойынша оқушының өзіндік бағасын анықтау

Нұсқау: Сенің алдында үш шеңбер тұр. 1-ші шеңбер – мұғалімді, 2-ші шеңбер - өзіңді, 3-ші шеңбер - сенің жолдасыңды білдіреді. Әр шеңберден төмен қарай тіке сызық түсіру керек. Шеңберлердегі үш адамның қайсысы ең ақылды болса, сол адамнан ең ұзын тіке сызық түсіресің; ақылы орташа болса орташа сызық; төмен болса – қысқа сызық түсіресің. Содан кейін оқушыдан, мұғалімінің, жолдасының есімдерін сұрап, оларды шеңберлерге жазып қоюын сұраңыз. Бала сызықтарды шеңберден төмен түсіреді.

Нәтижені өңдеу.

Егер оқушының сызған сызықтарының ұзындығы бірдей болса немесе ең ұзын сызықты өзіне қойса – ол оның ақыл-ойының толық жетілмегенін білдіреді; психикасы қалыпты оқушы ең ұзын сызықты мұғалім орналасқан шеңберге қояды. Егер ол орташа сызықты өзіне қойса, қысқа сызықты жолдасына қойса немесе керісінше болса, ол қалыпты жағдай.

Алынған нәтижелерді басқа әдістеме көрсеткіштерімен салыстыра отырып, оқушымен әңгіме жүргізу керек.



**Бастауыш сынып оқушыларының мектепке
деген мотивациясын зерттеу әдістемесі**

Нұсқау: Балаларға әңгіме оқылады. Балалар мектеп жайлы әңгімелесіп жатыр. Бірінші бала: Мені мектепке анам қинап апарды. Егерде анам апармағанда, мен мектепке мүлдем бармас едім.

Столдың үстінде суреті бар үлестірмелі қағаз жатады №1 суретте Сұқ саусағымен мектепті көрсетіп тұрған әйел бейнесі: оның алдында қолында сөмкесі бар бала (сыртқы мотив).

Екінші бала (қыз) айтты: Маған сабақ оқыған ұнайды мен сонықтан мектепке барамын. Тіпті мектеп болмаған күннің өзінде де мен оқитын едім.

№ 2 сурет көрсетіледі партада отырған баланың сұлбасы бейнеленген (оқу мотив).

Үшінші бала айтты. Мен мектепке ойнау үшін барамын маған онда қызық, ойнайтын балалар көп.

№3 сурет көрсетіледі доп ойнап тұрған екі баланың суреті бейнеленген

Төртінші бала айтты. Мен мектепке үлкен болу үшін барамын, мектепте мен өзімді ересек сезінемін. Мектепке дейін мен кішкентай болдым.

№4 суретте үлестірмелі қағаз көрсетіледі. Бір-біріне арқасымен қарап тұрған екі бала бейнеленген: бойы ұзынның қасында портфель, бойы кішісінің қолында ойыншық автомобиль (позициялы мотив).

Бесінші бала айтты: Мен мектепке оқу үшін барамын. Оқусыз еш нәрсе істей алмайсың, ал оқыған адамның қолынан бәрі келеді.

№5 Үлестірмелі қағаздағы сурет көрсетіледі, қолында портфелі бар бала мектепке бара жатыр (әлеуметтік мотив).

Алтыншы бала айтты мен мектепке бестік үшін барамын.

№ 6 суреті бар үлестірмелі қағаз көрсетіледі: Ашылған дәптерді ұстап тұрған бала. Әңгіме оқылып болғанан кейін сұрақтар беріледі:

- Сенің ойыңша бұл балалардың қайсысы дұрыс таңдау жасады.
- Олардың ішінде сен қайсысымен бірге ойнай едің?
- Олардың қайсысымен бірге оқығың келеді? Неге?

Бала жауабының мазмұны жеткізіліксіз түрде ашыламаса, бақылау сұрағын қоюға болады: Бұл бала не айтады?

**Зерттеулерді өңдеу
Жауаптар жалпы кестеге жазылып, содан
кейін экспериментатор бағалайды**

	1	2	3	4	5	6
1 таңдау						
2 таңдау						
3 таңдау						
Бақылау таңдауы						

- 1 таңдау - сыртқы мотив – 0 ұпай
- 2 таңдау - оқу мотив – 5 ұпай
- 3 таңдау - ойын мотив
- 4 таңдау - 3 ұпай
- 5 таңдау - әлеуметтік таңдау 4 ұпай
- 6 таңдау - баға 2 ұпай

Бақылау көрсеткіші таңдаған ұпай санына жалпы қосылады. Оқу мотивациясы жоғарғы ұпай санымен анықталады. Мұнымен бірге өзге мотивтерді таңдауы мүмкін.

**Бастауыш сынып оқушыларының мектепке
деген мотивациясын зерттеу әдістемесі**

Балаларға «Маған мектепте не ұнайды?» тақырыбына сурет салу ұсынылады. Суреттің берілген тақырыпқа сәйкес болмауы автордың пікірінше:

А) Мектепке деген мотивацияның көрінбеуі және ойын мотивінің көрінуі. Бұл жағдайда балалар машина, ойыншық соғыс әрекеттерін, өрнектер салады.

Б) Баладағы жағымсыз қасиет. Бала мектеп тақырыбына сурет салудан үзілді-кесілді бас тартады, оның орнына ұнатқан суретті салу, мұндай мінез-құлық мектеп талаптарына қиындықпен бейімделу деңгейінің жоғары екендігін көрсетеді.

В) Қойылған мақсатты түсінбеу. Балалар ешқандай сурет салма-

са немесе басқа балалардың суретін көшіріп алса, мұндай балаларды психикалық дамуы кешеуіл деген балаларға жатқызуға болады. Мұндай жағдай 0 ұпаймен бағаланады.

Суреттердің берілген тақырыпқа сәйкестігі:

А) Оқу жағдайлары жоғары мектеп мотивациясын, оқу белсенділігін және оқушылардың танымдық мотивін көрсетеді. (30 ұпай)

Б) Оқу жағдайына сай емес мектептің сыртқы көрінісі мектепке жағымды қатынасты көрсетеді, бірақ сыртқы мотивацияның басым болуымен ерекшеленеді.

В) Мектептегі ойын жағдайларының суреті мектепке қатынастың жағымды екенін көрсетеді, бірақ ойын мотивациясы басым болуымен ерекшеленеді.

Н.Г. Лусканова мектеп мотивациясының деңгейінің скрингтік базасына арналған арнайы сауалнама ұсынады, 10 сұрақтан тұратын, жауаптары 0 мен 3 ұпай арасында бағаланады, (жағымсыз 0 ұпай, нейтралды 1 ұпай жағымды 3 ұпай). 25-30 ұпай жинаған оқушылар мектепке бейімделудің жоғары деңгейін көрсетсе, 20-24 ұпай жинаған оқушылар орташа қалып, 15-19 сыртқы мотивация, 10-14 төменгі мектеп мотивациясы, 10 ұпайдан төмен мектепке деген қатынастың жағымсыздығын көрсетеді.

АНКЕТА СҰРАҚТАРЫ.

1. Мектепте оқыған саған ұнай ма?
2. Таңертең ұйқыдан ояғанда мектепке қуанышпен барасың ба, әлде үйде қалғың келе ме?
3. Егер мұғалім ертең мектепке келу барлық оқушыларға міндетті емес деп айтса, сен келер ме едің?
4. Егер қандайда бір сабақтарды өзгертсе, саған ұнайды ма?
5. Үйге тапсырма берілмесе, саған ұнайды ма?
6. Мектепте тек қана белгілі бір сабақтардың қалдырылуы саған ұнайды ма?
7. Сен ата-анаңа мектеп туралы жиі айтасың ба?
8. Сенің мұғаліміңнің қатал болмағанын қалар ма едің?
9. Сыныпта сенің достарың көп пе?
10. Саған сыныптастарың ұнайды ма?

Сауалнаманы мектеп мотивациясының динамикасын бағалау үшін қайта жүргізуге болады. Мектеп мотивациясының деңгейінің төмендеуі – баланың мектепке бейімделмеуінің көрсеткіші, жоғарылауы - даму мен оқыту динамикасының жағымдылығын анықтайды.

Жүргізілген зерттеулер баланың мектепке бейімделуінің 3 деңгейін анықтауға мүмкіндік берді:

Жоғары деңгей – бала мектепке жоғары қатынаста, ұсынылған талаптарды тепе-тең қабылдайды: оқу материалын жеңіл меңгеруі мен бағдарламаны толық игеруі, ал тапсырманы сыртқы бақылаусыз толық орындайды, сыныпта беделді, барлық сабақтардан өзіндік жұмыста қызығушылық көрсетеді.

Орта деңгей – бала мектепке жағымды қатынаста, оқу материалын түсінеді, бағдарламаның негізгісін игереді, типтік есептерді өз бетінше шеше алады, тапсырманы орындауда зейінді, сыныпта көп балалармен достық қарым- қатынаста, бірақ бақылауды қажет етеді.

Төменгі деңгей – баланың мектепке қатынасы жағымсыз, денсаулығына шағымданады, көңіл күйі төмен, тәртіп бұзады, өзіндік сабақтарға қызығушылық көрсетпейді, сабаққа үнемі дайындалмайды, көмек пен бақылауды талап етеді, енжар, сыныпта жақын достары жоқ.

Мектепке деген мотивацияны анықтайтын әдістер

Пәндер рейтингі

Мақсаты: Оқушылардың әр пәнге байланысты эмоционалды көңіл күйін анықтау

Орындалуы: Оқушыларға осы оқу жылында өтіліп жатқан рет – ретімен жазылған пәндер тізімі бар іс-қағазы таратылып беріледі, оларға әр пәнге қандай көңіл күймен баратындығы туралы төмендегі белгілерді белгілейді.

Қажетті құралдар: пәндер тізімі жазылған іс-қағазы, қаламсап.

Көңілді – 2 ұпай

Бір қалыпты – 1 ұпай

Көңілсіз – 0 ұпай

Оқушыларға іс-қағазы төмендегі ұсынылған суреттерді белгілеу ұсынылады, кейін іс-қағазы, жиналып алынады.

Нәтижені өңдеу: ұпайлардың жалпы санын есептеп, бір оқушының немесе сыныптағы барлық оқушылардың әр пәнге байланысты сабақтағы эмоционалды жағдайларының пайыздық деңгейі шығарылады, оны тізбекке орналастыруға болады.

Пәндер рейтингі

Көңілді																			
Бір қалыпты																			
Көңілсіз																			
Ұпай																			
Пайыз																			

60% - жоғары жағымды эмоционалды жағдай

60% - орташа эмоционалды жағдай

50% - төмен жағымсыз эмоционалды жағдай

“Түрлі-түсті суретті” тест арқылы бастауыш сынып оқушыларының оқу үрдісіндегі психикалық қалпын анықтау

Авторлар: А.О. Прохоров, Г.Н. Генинг

Мақсаты: Бастауыш сынып оқушыларының психикалық қалпын анықтау

Қажетті құралдар: ақ парақ, қаламдар: қызыл, сары, көк, жасыл, қара, қоңыр, қызыл-сары, көгілдір, ашық қызыл (розовый); парақтың сол жағында 50x50 мм төртбұрыш болу қажет.

1. Нұсқау: «Балалар! Алдарыңда ақ қағаз және түрлі-түсті қаламдар бар. Парақтың сол жағында төртбұрыш бар. Сол төртбұрыштың ішіне әр түрлі түстермен өздеріңнің көңіл күйлеріңді бейнелейсіңдер. Төртбұрышты бөлшектерге бөлуге болады және бірнеше түстерді қолдануға болады».

2. Нұсқау: «Балалар! Қазір сендер өздеріңнің үйлеріңді түспен боядыңдар, ал енді ойланып көріңдер, көңіл күйлеріңіз қандай затқа немесе бейнеге ұқсайды. Ол мүмкін айналадағы заттар шығар. Мысалы: доп, гүл, жаңбыр, жел, күн және т.б.

Суретті оң жағына салу керек». Әдістің нәтижесін өңдеу

№	Түс	Сурет	Күй
1	Қызыл	Дәптер, парта, сынып, тақта ж.т.б. оқу құралдары	Белсенділік
2	Қызыл-сары (бірге)	Кемпіркосак, Жаңа жыл, шырша, торт, балмұздақ, кәмпит, сыйлық, төмпек, «5» (баға), күн, үрлейтін шар	Қуаныш
3	Жасыл	Бағдаршам, машина, теледидар, жол, цирктегі жануарлар, сыныптағы тақта	Зейінділік
4	Ашық қызыл (розовый)	Робот, машина, компьютер, қуыршақ (кукла), принцесса	Қиял, армандаушылық
5	Қара	Жаңбыр, дақ, партаның үстінде ұйықтау. Жатқан оқушы	Шаршау
6	Қызыл түсті сары (оранжевый)	Гүл, ойнап тұрған балалар, жануарлар, бала кәрі әжеге көмектесу	Достық қалып, жылы шырай, мейірімділік
7	Сары	Сынған ваза, мұғаліммен, анамен тұрған бала	Адалдық
8	Ашық көк	Душ, бассейн, теңіз	Сергектік, ширақтық
9	Көк	Волейбол, футбол, көтеріліп тұрған қол, жіппен секіру	Құмарлылық

10	Көк	Мұғаліммен және басқа үлкендермен тұрған бала	Сыйлау
11	Қоңыр	«Жедел жәрдем», айдала, мола, құлаған бала, анасы баласының басынан сипап жатыр	Жан ашу, көңіл білдіру, қайғыға ортақтасу

Түрлі-түсті суретті тест арқылы бастауыш сынып оқушыларының оқу процесіндегі психикалық қалпын анықтап, келесі қорытындыларды жасауға болады: оқушылардың психикалық қалпы тұрақты, көбінесе қуаныш, жылы шырай, белсенділік күйлері байқалады немесе оқушыларда қобалжу бар екенін білдіреді.

Эмоция мен ерік өрісін анықтайтын әдістер Көркем сурет әдістемесі

Бұл әдістеме сезімдік ерекшелікті анықтауда, бастауыш сынып оқушыларына арналған. Бала қолданатын түс гаммасы, оның сезімдік күйі жөнінде көп нәрсені айтып бере алады. Түстік қалауларды айқындау, көпке мәлім Люшер тестіне негізделген. «Көркем сурет» тесті арнайы құралды қажет етпейді. Тестті орындау үшін бір парақ қағаз және түрлі-түсті қалам (он екі түстен аз болмасын, 24 түстен тұратын қалам жиынын қолданған өте жақсы) қажет. Түрлі түсті қалам, фломастерден жақсы, өйткені түстің тығыздығын түрлендіруге мүмкіндік береді.

Нұсқау. «Түрлі түсті қаламмен өзін қалаған бір әдемі суретті сал». Сурет салу кезінде баланың түсті қолдану ретін жазып отыру қажет.

Нәтижелер интерпретациясы (түсіндіру).

Нәтижені интерпретациялау кезінде суретте жалпы түстің үндестігі бағаланады. Жұмыс басында баланың қолданған түсі, ең көрнекі түс. Қараңғы түсті қолдануы көңіл күйінің төмендеуінің белгісі. Үнемі тек қараңғы түсті қолдануы депрессия түрін байқатады. Осы жерде қара түстің үйлесімі қоңыр мен сия көк түсті қолданылуынан көрінеді.

Қорқынышты анықтау әдістемесі

Қорқынышты анықтау әдістемесі балада келесі тізбек сұрақтары бойынша өткізуге болады. Балаға келесі сұрақ қойылады: "Өтінемін айтшы, сен неден қорқасың?" деп бастаған жөн.

1. Жалғыз өзің қалғанда ма?
2. Ауырып қаламын деп пе?
3. Өлімнен бе?
4. Қандай да бір балалардан ба?
5. Тәрбиешіден бе?
6. Сені жазалаудан ба?
7. Жалмауыз кемпірден бе?
8. Қорқынышты түстен бе?
9. Қараңғыдан ба?
10. Қасқырдан, иттен, аюдан, шаяннан, жыланнан ба?
11. Машинадан, поездан, ұшақтан ба?
12. Дауылдан, найзағайдан, қатты желден, су тасқынынан ба?
13. Биіктіктен бе?
14. Тар бөлмеден, әжетханадан ба?
15. Судан ба?
16. Оттан ба?
17. Соғыстан ба?
18. Дәрігерлерден бе?
19. Қаннан ба?
20. Дәрі егуден бе?
21. Ауырғаннан ба?
22. Кенеттен шыққан дыбыстан ба?

Психолог берілген сұраққа алынған жауаптар негізінде балада қорқыныш болу деңгейі туралы қорытынды жасайды.

Балада көптеген түрлі қорқыныштың болуы – алғашқы жағдайдың маңызды көрсеткішін көрсетеді.

Мұндай баланы бірінші кезекте "тәуекел" тобына жатқызып, олармен арнайы түзету жұмысты жүргізу керек.

Барлық айтылған қорқынышты бірнеше топқа бөлуге болады: медициналық (ауыру, укол, дәрігер...).

Денеге зиян келетін қорқыныш (кенеттен шыққан дыбыс, көлік, от, өрт, апат, соғыс).

Өлім қорқынышы (өзінен).

ертегі кейіпкерінен алынған жануарлар қорқынышы, қорқынышты түстер мен қараңғылық қорқынышы: әлеуметтік жанама қорқыныш (адамдардан, балалардан, жазалаудан, кешігуден, жалғыздықтан) “кеңістік” қорқынышы (биіктен, судан).

Үрейді анықтау

Үрейлену тестін мақсатқа сәйкес кейбір жағдайда қолданамыз, яғни 4-7 жас аралығындағы балалардың өмірдегі жағдайда басқа адамдармен қатынас кезінде типтік қатар бойынша үрейленуін анықтауға мүмкіндік береді.

Үрейлікті эмоционалды жағдай түрлері ретінде және жеке деңгейде субъектінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуден тұратын міндет ретінде қарастырады. Үрейдің жоғары деңгейі баланың басқа әлеуметтік жағдайда эмоционалды бейімділіктің жеткіліксіздігі туралы дәлелдейді.

Үрейлік деңгейін білу – бұл баланың ішкі қатынасын (әлемін) белгілі жағдай типін бағалауға немесе баланың үлкенмен, жолдасымен қатынасы туралы отбасында бала-бақшада, мектептегі әрекеттестік мінезі туралы жанама ақпарат беруге көмектеседі.

1. Кіші жастағы балалармен ойын (бала екі баламен ойнап жатыр)
2. Бала және ана нәрестемен (бала қоларбамен нәрестені алып келе жатқан анасының жанында келе жатыр.)
3. Агрессия нысанасы (бала өзін ренжіткен қатарласынан қашып келеді)
4. Киіну (бала үстелде отырып бәтеңкесін киіп жатыр.)
5. Үлкен балалармен ойын (бала ересек балалармен ойнап жатыр)
6. Жалғыздықта ұйықтау. (бала өз төсегіне келе жатыр, ал ата-аналары оған арқасымен жұмсақ орындықта отыр)
7. Жуыну (бала жуынатын бөлмеде жуынып жатыр)
8. Сөгіс (анасы баласын сұқ саусағымен бұлғап ұрысып жатыр.)
9. Шындықты елемей (әкесі баласымен ойнап жатыр, ал бала жалғызсырап тұр)
10. Агрессивті шабуыл (қатарласы баладан ойыншығын алып жатыр)
11. Ойыншықтарды жинау (анасы мен баласы ойыншықтарды жинап жатыр)

12. Жалғыз қалу (екі бала жалғыз жылап тұрған сәбиден кашады)
13. Бала ата-анасымен (бала әкесі мен анасының ортасында тұр)
14. Жалғыздықта тамақтану (бала үстелде қолында стақанымен жалғыз отыр)

Әрбір аталған өмірлік жағдайлар екі нұсқада орындалған: ұлдарға және қыздарға арналған.

Суреттер балаға берілген қатармен қатаң тәртіппен ұсынылады. әнгімелесу бөлек бөлмеде өтеді. Суретті көрсетіп болған соң психолог келесіні сұрайды: “Сен қалай ойлайсың, баланың әлпеті көңілді ме, көңілсіз бе? Ол нәрестемен ойнап жатыр”

Он төртінші сұрақтарға дейін осы сөздер қайталанады.

Баланың танымдық таңдауы дұрыс болу үшін нұсқаудағы атаудың түрі кезектесіп отыру қажет. Балаға қосымша сұрақ қоюға болмайды.

Баланың сәйкестелген бейнені (көңілді немесе көңілсіз) таңдауын және адамдардың ауызша пікірлерін арнайы алдын ала дайындалған хаттамаға жазылады.

Ұсынылған сурет жағдайлар өзінің эмоциялы түстерімен ерекшеленеді.

Сонымен, 1,5 және 13 суреттер ұнамды түсті

3,8,10 және 12 суреттер эмоционалды ұнамсыз бейне

2,4,6,7,9,11 және 14 суреттер екі ойлы бейне

Екі ойлы бейнелер негізі танымдық ауыртпалыққа әкеледі – бала қандай эмоционалды ой береді және бұл ойлар баланың дүние танымдық түсінігіне бағытталады.

Әр баланың хаттамасы сандық және сапалық талдау бойынша жүргізіледі.

Сандық талдау

Берілген хаттама негізінде баланың үрейлік индексын есептеп шығару керек.

ҮР* эмоциялы-жағымсыз таңдау саны

----- x 100%

14

Үрейлік индексі бойынша 3,5-7 жас аралығында балалар үш топқа бөлінеді.

1. Жоғары деңгейлі үрей (үр х50 пайыздан жоғары)
2. Орташа деңгейлі үрей (үр 20 пайыздан х50 пайызға дейін)
3. Төмен деңгейлі үрей (0-ден 20 пайызға дейін)

Сапалық талдау

Баланың әр жауабын бөлек талдау керек. Баланың қазіргі жағдайдағы тәжірибесі туралы қорытынды жасалынады.

Әсіресе 4 (киіну), 6 (жалғыздықта ұйықтау) және 14-ші суреттер (жалғыздықта тамақтану) жоғарғы танымдық мағыналы суреттер.

Осы аталған суреттегі жағдайда эмоционалды таңдау жасаған балалардың үрейлік индексі жоғары дәрежелі мүмкіндікке ие.

2-ші (нәресте және бала анасымен), 7 (ояну), 9 (шындықты елемей), 11 (ойыншықты жинау) суреттердегі жағдайда эмоционалды жағымсыз таңдау жасаған балалардың үрейі жоғары немесе орташа дәрежедегі үлкен мүмкіндікке ие. Үрейліктің жоғарғы деңгейін “бала – бала” (кішкентай балалармен ойын, агрессиялық нысана. Үлкен балалармен ойын, агрессивті шабуыл, оңашалану) жағдайдағы қарым-қатынаста көрінеді. Бұл жерде көбінесе эмоционалды жағымсыз таңдау саны бар, сонымен бірге үлкен балалар (5-7 жас) кіші жастағы балаларға қарағанда үрейлік деңгейін жоғары көрсетеді.

Ал мына суреттегі үрейлік деңгейі “бала-ересек” (сәби және нәрестемен анасы. Жаза. Шындықты елемей. Бала ата-анасымен.) және күнделікті әрекетті жағдайда: (Жуыну. Жалғыз ұйықтау. Киіну. Ойыншық жинау. Жалғыз тамақтану.) анағұрлым төмен.

Кіші мектеп жасындағылардың жекелік ерекшелігін зерттеуге арналған тест

1 нұсқа (қыздарға арналған)

1. Сенімен жақсы қарым-қатынасты кейбір адамдар ғана жасайды ма?
2. Таңертең ұйқыдан оянганда бірден көңілденесің бе, әлде сен көңілсіз болып тұрасың ба?
3. Басқаларға қарағанда сен жұмысты тез аяқтайсың ба, әлде саған көп уақыт қажет пе?
4. Кейде өзіңе сенімсіз боласың ба, әлде сенімдісің бе?
5. Сен мектептегі достарыңды көргенде әрқашан қуанасың ба, әлде

кейде сен ешкімді көргің келмей ме?

6. Саған анаң жұмысты жай орындайсың деп айтады ма, әлде сен барлығын тез жасайсың ба?
7. Басқа балалар сенің ұсынысыңды қолдайды ма, әлде бұл оларға әрқашан ұнамайды ма?
8. Мектепте барлығын қалай талап етсе солай орындайсың ба, әлде мұғалімнің айтқанын нақты орындамайсың ба?
9. Балалар сені алдап кеткісі келеді деп ойлайсың ба, әлде олар сенімен дос па?
10. Сен барлығын әрқашан жақсы орындайсың ба, әлде сенде ойындағыдай болмай қалатын уақыт болады ма?
11. Көбінесе “мұзбен”, “бумен”, “кармен” ортақтас “су” ма әлде “боран”, “қыс” па?
12. Сен сабақ уақытында сабырлы отырасың ба, әлде қозғалғанды ұнатасың ба?
13. Кейде сен өзіңнің анаңа қарсы жауап айтасың ба, әлде сен одан қорқасың ба?
14. Саған шаңғымен сырғанау көбірек ұнайды ма, әлде биік тауларға шығу ұнайды ма?
15. “Жүру”, “жүгіру” сөзіне қатысы бар “жәй”, “жоғары”, “еңбектеу” сөздері ме, әлде “жылдам” сөзіне қатысы бар ма?
16. Сен өзіңді әрқашан сыпайымын деп санайсың ба, әлде жалықтырып жібересің бе?
17. Сенімен келісу қиын деп айтады ма, әлде сенімен жұмыс жасау жеңіл ме?
18. Мектептегі баланың бірімен оқу құралын ауыстырған кезің болды ма, әлде мұны ешқашан жасаған жоқсың ба?
19. Сандар қатары берілген: 7, 5, 3 – қай сан ұнайды, әлде келесі 2, 1, 9 саны ұнайды ма?
20. Кейде тіл алғыш болғың келмейді ме, әлде сенде мұндай ешқашан болған емес пе?
21. Сенің құрбыларың саған қарағанда барлығын жақсы орындай ма, әлде жиі сенің ұсынысыңды жөн көре ме?
22. Егер сен жабайы жануарды елестеткеніңде жылқыға ұқсағың келеді ме, әлде жолбарысқа ма?
23. Сөздер тобы берілген: “кейбіреу”, “барлығы”, “жиі”, “ешкім”. Бір сөз қалғанына сәйкес келмейді “жиі”, әлде “ешкім”, әлде “бәрі” қайсысы сәйкес келмейді?

24. Саған жағымды жаңалық жеткізсе сен жәй ғана қуанасың ба, әлде қуаныштан секіргің келе ме?

25. Егер саған біреу жаман қарым-қатынаста болса сен оны кешіресің бе, әлде оған да сондай қатынас жасайсың ба?

26. Саған белсенді жүзу көбірек ұнай ма, әлде биіктен секіру ме?

27. Саят Самғаттан жас, Айбек Саяттан жас қайсысы үлкен, Самғат па әлде Саят па, Айбек пе?

28. Мұғалім кейде сенің зейінділігің төмен, дәптерге көп қателер жібересің деп айтады ма, әлде ол мұны ешқашан айтпайды ма?

29. Таласта өзің қалап тұрғанды не болса да дәлелдеп шығуға талпынасың ба, әлде жәйбарақат орын бересің бе?

30. Сен соғыс туралы тарихты тыңдағанды ұнатасың ба, әлде жануарлар өмірі туралы тыңдағанды ұнатасың ба?

31. Сен сыныпқа келген жаңа оқушыға әрдайым көмектесесің, әлде мұны әдетте басқалар жасайды ма?

32. Жағымсыз жағдайлар ұзақ уақыт есінде бола ма, әлде ол туралы тез ұмытып кетесің бе?

33. Кешкі киім үлгілерін тігу саған көбірек ұнай ма, әлде балерина болу ұнай ма?

34. Егер анаң саған ұрысса көңілсіз боласың ба, әлде көңіл күйің бұзылмай ма?

35. Сөмкеңді кешке түгендеп қоясың ба, әлде мұны таңертең жасайтын кезің бола ма?

36. Сені мұғалім мақтайды ма, әлде сен туралы аз айтады ма?

37. Өрмекшіге жақындай аласың ба, әлде ол саған жағымсыз ба?

38. Сен жиі өкпелейсің бе әлде бұл сенде сирек кездеседі ме?

39. Ата-анаң саған ұйықтау қажеттігін айтқанда өз ісінді жалғастыра бересің бе, әлде бірден барасың ба?

40. Таныс емес адамдармен сөйлескенде ұяласың ба, әлде тіпті ұялмайсың ба?

41. Сенің суретші болғың келе ме, әлде жақсы шаштаразшы ма?

42. Сенде барлығы сәтті шыға ма, әлде сәтсіздіктер бола ма?

43. Егер сен есептің шартын түсінбесең, балалардан көмек сұрайсың ба, әлде мұғалімге барасың ба?

44. Қызықты оқиғаларды барлығы күлетіндей етіп айта аласың ба, әлде мұның оңай емес екенін білесің бе?

45. Сабақтан кейін сен аздаған уақыт мұғалімнің қасында болғың

келе ме, әлде бірден дәлізге шыққың келе ме?

46. Жұмыссыз отырғанда өзінді нашар сезінесің бе, әлде мұндай нәрсе болмайды ма?

47. Мектептен қайтар жолда ойынға тоқтайсың ба, әлде бірден үйге қайтасың ба?

48. Сенің ата-анаң сені әрқашан тыңдай ма, әлде олардың қолы бос болмайды ма?

49. Үйден шыға алмай қалған кезде саған бәрібір ме, әлде көңілсіз боласың ба?

50. Сенде қиындықтар аз ба, әлде көп пе?

51. Бос уақытыңда сенің киноға барғаның дұрыс па, әлде аулаға гүл отырғызар ма едің?

52. Анаң мектептегі іс туралы айтасың ба, әлде қыдыру, саяхат туралы айтасың ба?

53. Егер сенің достарың сенің заттарыңды сұраусыз алса, сен ызаланасың ба, әлде онда тұрған ешнәрсе жоқ деп санайсың ба?

54. Кенеттен шыққан дыбысқа селт етесің бе, әлде жәй қарайсың ба?

55. Саған қыздармен бір нәрсе туралы әңгімелескен ұнайды ма, әлде олармен ойнаған ұнайды ма?

56. Қобалжыған кезде дауыс көтересің бе, әлде әрқашан жай сөйлейсің бе?

57. Сабаққа барғың келе ме, әлде фигуристердің өнерін тамашалағың келе ме?

58. Егер сен радио немесе теледидар көріп отырған кезде, өзге әңгімелер кедергі келтіре ме, әлде сен оларды байқамайсың ба?

59. Саған мектепте қиын болған кез болды ма, әлде саған онда жеңіл ме?

60. Егер сені үйде бірнәрсемен ашуландырса, сен бөлмеден жайбарақат шығасың ба, әлде есікті қатты жауып кетесің бе?

Кеттелл сұрақнамасының кілті

1	+-	A	16	-+	D	31	+-	G	46	+-	O
2	-+	A	17	+-	E	32	-+	H	47	-+	G
3	+-	C	18	+-	F	33	-+	I	48	+-	H
4	-+	C	19	-+	D	34	+-	O	49	+-	I
5	+-	A	20	+-	D	35	+-	G	50	-+	O
6	-+	C	21	-+	E	36	+-	H	51	-+	Q3
7	+-	A	22	-+	F	37	-+	I	53	-+	Q3
8	+-	C	23	+-	B	38	+-	O	54	+-	Q4
9	-+	A	24	-+	D	39	+-	G	55	-+	Q3
10	+-	C	25	-+	E	40	-+	H	56	+-	Q4
11	+-	B	26	-+	F	41	+-	I	57	+-	Q3
12	-+	D	27	-	B	42	-+	O	58	+-	Q4
13	+-	E	28	+-	B	43	-+	G	59	-+	Q3
14	-+	F	29	+-	E	44	-+	H	60	-+	Q4
15	-	B	30	+-	F	45	+-	I			

Кіші мектеп жасындағылардың жекелік ерекшелігін зерттеуге арналған тест (Р.Б. Кеттелл және Р.Д. Хаон жасаған) 2 нұсқа (ер балалар үшін)

1. Сен үй тапсырмасын тез орындайсың ба, әлде оны ұзақ орындайсың ба?
2. Егер саған әзілдесе, сен аздап өкпелейсің бе, әлде күлесің бе?
3. Бәрін ойдағыдай орындадым деп ойлайсың ба, әлде кейбір тапсырмаларды ғана орындайсың ба?
4. Қатені жиі жасайсың ба, әлде оны мүлдем жасамайсың ба?
5. Сенің достарың көп пе, әлде онша көп емес пе?
6. Өзге балалар сенен артық жасайды ма, әлде сенде олардан кем жасамайсың ба?
7. Адамдардың атын әрқашан жақсы еске сақтайсың ба, әлде кейде сен ұмытып қаласың ба?
8. Сен көп оқисың ба, әлде көпшілігі сенен көп оқиды ма?
9. Мұғалім сенің істегің келген жұмысқа басқа баланы таңдаса, сен өкпелейсің бе, әлде сен бұл туралы тез ұмытып кетесің бе?
10. Сенің ойлаған ойларың дұрыс әрі жақсы деп санайсың ба, әлде бұған сенімсізсің бе?
11. “Жинау” сөзінің мағынасына қай сөз қарама-қайшы болады: “тарату” немесе “жинау” әлде “сақтау”
12. Сен әдетте үндемейсің бе, әлде көп сөйлейсің бе?
13. Егер анаң саған қапаланса, бұл кейде оның қателігі ме, әлде сен бірнәрсені дұрыс орындамадың ба?
14. Саған кітапханада кітаптармен айналысқан ұнайды ма, әлде алысқа жүзуге қатысқан ұнайды ма?
15. Келесі әріптердің: “С”, “Т”, “У” қайсысының қалған екеуінен айырмасы бар?
16. Сен кешке ұзақ уақыт тыныш отыра аласың ба, әлде қозғалыста боласың ба?
17. Егер балалар сен жақсы білетін жер туралы әңгіме айта бастаса, сен де қосыласың ба, әлде олардың әңгіме айтып болғанын күтесің бе?
18. Ғарышкер бола аласың ба, әлде бұл өте күрделі деп ойлайсың ба?
19. 2,4,8 сандар қатары берілген. Бұл қатарда келесі сан қайсы 10, әлде 16 немесе 12?

20. Анаң сені пысық әрі мазасыз деп айтады ма, әлде сен тыныш, әрі байсалдысың ба?

21. Балалардың біреуі әңгіме айтса, беріліп тыңдайсың ба, әлде өзіңнің әңгіме айтқаның көбірек ұнайды ма?

22. Бос уақытыңда сен кітап оқығанды ұнатасың ба, әлде доп ойнағанды ма?

23. Сөздер тобы берілген “Суық”, “Ыстық”, “Дымқыл”, “Жылы”. Бір сөз мағынасы жағынан басқаларға сәйкес келмейді. Қайсысы? “Дымқыл”, әлде “Суық”, әлде “Жылы”?

24. Сен өзіңнің қозғалысыңа әрқашан абайсың ба, әлде жүгіргенде заттарды қағып кетесің бе?

25. Сені жазалайды деп қобалжисың ба, әлде бұл сені ойландырмайды ма?

26. Сен үлкейгенде үй соққан ұнайды ма, әлде ұшқыш болу ұнайды ма?

27. Қазір Айгүл қаншада болса, Абай да сол жаста, ал Айбек олардан үлкен еді. Бұлардың қайсысы жас? Айгүл ме, Абай ма, әлде Айбек пе?

28. Мұғалім саған сабақта жиі ескерту жасайды ма, әлде өзіңе қалай ұнаса солай жүр деп айтады ма?

29. Сенің достарың бірнәрсеге таласып жатса, сен олардың таласына араласасың ба, әлде үндемей қаласың ба?

30. Сыныпта басқа балалар әңгіме айтып күліп жатса, сен сабақ оқи аласың ба, әлде сабақ оқығанда тыныштық болу керек пе?

31. Сен теледидардан “Хабар” тыңдайсың ба әлде, ол басталғанда сен ойнауға кетесің бе?

32. Сені үлкендер өкпелетеді ме, әлде сені олар жақсы түсінеді ме?

33. Үлкен қозғалыс болып жатқан көшеден сабырмен өтесің бе, әлде аздап қобалжисың ба?

34. Сенде үлкен жағымсыз жайттар бола ма, әлде ұсақ, майда, мағынасыз жайттар ма?

35. Егер сен сұраққа жауапты білсең бірден қол көтересің бе, әлде сені атағанға дейін үндемей отыра бересің бе?

36. Сыныпқа жаңадан бала келсе, басқа балалар сияқты тез танысып кете аласың ба, әлде саған көп уақыт қажет пе?

37. Қандайда бір көліктің жүргізушісі болғың келе ме, әлде дәрігер болғың келе ме?

38. Бір нәрсе болмай жатса, жиі қапаланасың ба әлде сирек болады ма?

39. Баланың біреуі саған бақылау жұмысына көмектесуінді сұраса, өзің шығар деп айтасың ба, әлде мұғалім көріп қоймаса көмектесесің бе?

40. Сен отырғанда үлкендер бір-бірімен әңгімелеседі ме, әлде сені тыңдайды ма?

41. Сенің жоспарыңның көпшілігі орындалады ма, әлде кейде сен ойлағандай болмай қалады ма?

42. Егер сен көңілсіз әңгіме естігенде, көзіңе жас келеді ме, әлде мұндай болмайды ма?

43. Анаң үйге шақырып жатса сен ойынды жалғастыра бересің бе, әлде бірден барасың ба?

44. Сыныпта еркін тұрып бір нәрсені айта аласың ба, әлде қысылып, ұяласың ба?

45. Кішкентай балалармен қалу саған ұнайды ма, әлде саған олармен қалу ұнамайды ма?

46. Сенде жалғыз және көңілсіз кез болды ма, әлде мұндай нәрсе сенімен болған емес пе?

47. Сабақты үйде әртүлі уақытта орындайсың ба, әлде тәуліктің бір уақытында орындайсың ба?

48. Жақсы тұрасың ба, әлде керісінше, нашар тұрасың ба?

49. Қала сыртына табиғатты тамашалауға аса ынтызарлықпен аттанар ма едің, әлде қазіргі машиналар көрмесіне барар ма едің?

50. Егер саған ескерту жасап ұрысса, байсалдылықпен жақсы көңіл күйіңді сақтай аласың ба, әлде сен қатты қапаланасың ба?

51. Саған кондитерлік фабрикада жұмыс жасау ұнайды ма, әлде мұғалім болу ұнайды ма?

52. Сыныпта балалар шулап жатса сен тыныштық сақтап отырасың ба, әлде солармен бірге шулайсың ба?

53. Егер сені автобуста итерсе, сен еш нәрсе болған жақ деп ойлайсың ба, әлде сен қапаланасың ба?

54. Мұны саған жасау қажет болмаса да, сен жасаған кездерің болды ма, әлде сенде мұндай болған емес пе?

55. Еркелеп, жүгіріп ойнайтын достарыңды ұнатасың ба, әлде саған байсалды достар ұнайды ма?

56. Бір нәрсенің басталуын тыныш отырып күтуде мазасызданып,

ашуланасың ба, әлде саған көп күту саған ешқандай қиындық тудырмайды ма?

57. Мектепке қазір барғың келе ме, әлде автокөлікпен саяхатқа шығар ма едің?

58. Барлығына ашуланатын кезің бола ма, әлде бәріне ризасың ба?

59. Саған қандай мұғалім ұнайды: мінезі жұмсақ па, әлде қатал мұғалім бе?

60. Үйде саған ұсынғанның бәрін жейсің бе, әлде саған ұнамайтын асты бергенде қарсыласасың ба?

Кеттелл сұрақнамасының кілті

1 +- A	16 -+D	31 +-G	46 +-O
2 -+ A	17 +-E	32 -+H	47 -+G
3 +- C	18 +-F	33 -+I	48 +-H
4 -+ C	19 -+B	34 +-O	49 +-I
5 +- A	20 +-D	35 +-G	50 -+O
6 -+ C	21 -+E	36 +-H	51 -+Q3
7 +- A	22 -+F	37 -+I	52 +-Q3
8 +- C	23 +-B	38 +-O	53 -+Q4
9 -+ A	24 -+D	39 +-G	54 +-Q4
10 +- C	25 -+E	40 -+H	55 -+Q4
11 +- B	26 -+F	41 +-I	56 +-Q4
12 -+ D	27 --+B	42 -+O	57 +-Q3
13 +- E	28 +-D	43 -+G	58 +-Q4
14 -+ F	29 +-E	44 +-H	59 -+Q3
15 -+ B	30 -F	45 +-I	60 -+Q4

Кіші мектеп жасындағылардың жекелік ерекшелігін зерттеуге арналған тестті талдау .

Берілген нұсқада 12 шкаладан тұратын жекелік қасиеттің көріну деңгейін анықтауға арналған. Төменде сұрақнаманың 12 шкаласына қысқаша интерпретация келтірілген.

1. Фактор А (қарым-қатынас салқындығы, тілектестік қарым-қатынас)

Жоғары баға - сабырлықты, бірқалыптылық, мінез-құлықтың

орындылығын көрсетсе, төмен баға – қыңырлық, тұрақсыз, қиындықтан қашу, қарым – қатынас пен қызығушылықтың құбылмалылығы.

2. Фактор С (эмоционалды, тұрақты-тұрақсыз)

3. Фактор Д (бірқалыптылық- әсерленгіштік)

Бұл шкала мазасыздық, қозғыштық, сыртқы тітіркенуге шектен тыс жауап қайтаруды анықтайды.

Д шкаласы бойынша жоғары баға алған оқушыларды жұмыс күйінен жеңіл шығуға, болмашыға өкпелейді, ұйықтағанда мазасыз, азғана сәтсіздікке қызу қарайды.

Төмен баға – эмоционалды алаңсыз, тыныш және сабырлы көрсеткішті көрсетеді.

4. Фактор Е (көнгіштік – тәуелсіздік). Бұл шкаладан жоғары баға алған бала белсенді, әрекетшіл, табанды, бірбеткей, көнгіш. Төмен баға алған бала – көнгіш болып келеді. Кіші мектеп жасында бірбеткейлік балалар ойыны кезінде көсем болуға талпыныстың үстем болуы. Сондықтан бұл шкала бойынша жоғары баға алғандар жиі мінез-құлықтың және тәртіп бұзушылықты көрсетеді, бірақ көсем болуға талпынысты педагог конструктивті пайдаланса, онда бала дамуы сәтті болуы мүмкін.

5. Фактор F (уайымшыл – бейқамдық)

Шкала бойынша жоғары баға – жарқындықты, шапшаңдықты, өзіне сенімділікті, ал төмен баға – ақылдылық, сақтықты, елгезектікті көрсетеді.

Зерттеу нәтижесі шкала бойынша жоғары баға алған балалар берік, тұрақты отбасында тәрбиеленсе, төмен баға – толық емес, тұрақсыз отбасында тәрбиеленген балаларды көрсетеді.

6. Фактор G (төмен-жоғары адалниеттілік)

Бала үлкендер әлеміне тән, құндылық жүйесіне қосылған.

7. Фактор H (икемсіз-батылдық)

А факторы секілді H факторы да экстроверсия-интроверсия компоненті және баланың көпшілдік деңгейін өлшейді. Бірақ, егер оқушы А факторы бойынша жоғары баға алса, адамдар арасында болғанды ұнатса, H шкаласы бойынша жоғары баға алған оқушы – көпшіл, өйткені, адамдармен өзара әрекетте жеңіл және батыл. H шкаласы бойынша төмен баға – сенімсіздік, епсіз қатынастан, топтан қашады.

8. Фактор I (қаттылық – жұмсақтық). Шкала бойынша жоғары баға – сәнді, қимыл, қиялы бай да, төмен баға – қаттылық, қатаңдық,

қайраттылықты көрсетеді.

9. Фактор У (қуатты – ұстамды). Бұл шкала бойынша жоғары баға алған оқушылар ерекшеленіп, жекешеленуге бейім, өзгелердің талабына сынмен қарайды, төмен баға алған балалар өз сезімін білдіруде еркін, ортақ іс-әрекетті ұнатады, зейінді, топтық қызығушылықтарға келісіммен әрекет жасайды.

10. Фактор N (момындық – қулық) бұл фактор бойынша үлкен топтағы мектеп оқушылары үлкен баға алса – есепшіл, епті болса, төмен баға алғандар – аңқау, сентиментальды. сенгіш болады.

11. Фактор О (өзіне сенімділік – бұйығы)

Бұл фактор психикалық бұзылыстың пайда болуын көрсетеді. О факторы бойынша жоғары баға – неврозды, депрессияны немесе психологиялық соққының салдарын көрсетеді.

12. Фактор Q4 (әлсіздік – қызулық)

Бұл шкала бойынша жоғары баға қозуды, мазасыздықты, абыр-жуды көрсетсе, төмен баға – сабырлылық, өзіне толық қанағаттану, енжарлықты көрсетеді.

Айзенк сұрақнамасы

Мақсаты: Баланың үш жеке қасиеті – интроверттілік – экстраверттілік, нейротизм және жалғандықты зерттеуге бағытталған.

Қажетті құралдар: жауап беру іс-қағазы 60 сұрақтан тұрады.

Нұсқау: “Мені мұқият тыңда. Қазір мен саған сұрақтар оқимын, сен оларға “ия” немесе “жоқ” деп жауап беруің керек. Сен алдыңдағы сұрақтардың нөмірлері жазылған парақты белгілейсің. “Ия” деп жауап берсең, бірінші қатарға қанат белгісін қоясың. Егер келіспесең және “жоқ” деп жауап берсең, екінші қатарға қанат белгісін қоясың.

Тест жүргізу. Балаға жауап беру іс-қағазы беріледі, кейін нұсқау оқылады. Жауапқа 1-1,5 минут беріледі. Егер бала үлгере алмай жатса, оған тез жауап беруін сұрау керек. Сонынан барлық сұрақтар түсінікті болғанын және жіберілген сұрақтарды қайтара оқиды.

Нәтижені талдау. Алынған материалды өңдеуде баланың үш шкала – экстра – интраверсия, нейротизм, жалғандық бойынша жинаған ұпай саны есептеледі. Қосымшада берілген кілт бойынша есептеледі. Егер бала сұраққа “кілтте” берілгендей жауап берсе бір ұпай алады. Керісінше жауапта – 0 ұпай. Мысалы: бірінші экстра – интраверсия қасиеті бойынша ұпай санын есептегенде бала бірінші және тоғызыншы

сұраққа “иә” деп жауап берсе, әрқайсысына 1 ұпайдан алады. 3 және 11 сұрақтарға – “жоқ” жауабына 0 ұпай. Сонымен қатар 6 және 33 сұрақтарға керісінше. “жоқ” жауабына 1 ұпай және “иә” жауабына 0 ұпай, осылайша әр шкала бойынша жалпы ұпай саны есептеледі.

1. “Экстра- интраверсия” шкала бойынша максималды ұпай саны – 24 (19+5)

Бірінші шкала бойынша 12 және одан жоғары ұпай жинаған балалар – экстраверттер, 12 ұпайдан төмен – интроверттер. Экстраверттерге қарым-қатынасқа талпыну тән. Олар ашық, мейірімді және адамдар да өзіне сондай қатынаста екендігіне сенімді, олар барлық адамдарға осындай қатынас жасайды. Олардың достары көп. Бұл балаларға қызбалық, белсенділік, көтеріңкі көңіл күй тән.

Интроверт балалар – тұйық, байланысқа көп түсе бермейді, әсіресе өзінің сенімсіздігі мен ұялшақтығынан бейтаныс адамдармен қарым-қатынасқа түспейді. Бірақ жақын адамдарымен қарым-қатынаста өз жағын көрсетуге тырысады. Бұл балалар өз әрекеттерін алдын ала жоспарлағысы келеді.

2. “Нейротизм” шкаласы бойынша максималды ұпай саны – 24.

Екінші шкала бойынша 12 ұпайдан жоғары жинаған балалар эмоционалды тұрақсыз. Олар сезімтал, әлсіз, теріс эмоцияларды – реніш, алаңдаушылықты жеңе алмайды және ол ашу –ызаға, агрессияға ауысып кетуі мүмкін. Сонымен қатар біреудің жылы сөзі, жымьюы оның көңіл күйін көтереді. Нейротизімі төменгі деңгейдегі балалар (12 ұпайдан төмен) эмоционалды бұзылыстарға төмен бейімделген, олардың өзге адамдарға тәуелділігі аз. Бірақ олардың ашуын және агрессиясын тоқтату және өзге адамға жағымсыз (немесе жағымды) қатынасын өзгерту оңай емес.

3. “Жалғандық” шкаласы бойынша максималды ұпай саны –12 (5+7)

“Жалғандық” шкаласы бойынша ең төменгі ұпай –5 –6. 5 ұпайдан жоғары жинаған балалар өздерінің шынайы болмысынан жақсы көрінуге тырысады.

Оларда өзін көрсету басым, яғни өздеріне кез келген тәсілмен көңіл аудартуға тырысады, ол үшін өтірік айтуға тура келсе де. Оларға өзін-өзі жоғары бағалау, топта көшбасшылық тән. Бірақ бұл балалар өздерін жақсы жағынан көрсету үшін басқа сұрақтар бойынша өтірік айтады. Материалды өңдегенде осы жағдайды ескеру қажет.

Жеке шкалалар бойынша ұпайларды есептеген соң балаға толық мінездеме беру үшін бұл көрсеткіштерді өзара байланыстыру керек. Бұл тестті салыстыра отырып, Айзенк психодинамикалық қасиеттер адамның темпераменті мен мінез белгілерімен байланысты екендігін көрсетеді. Бұл байланыс “Айзенк шеңберімен” көрсетіледі, онда жоғары (жоғарғы сол бұрыш) және төменгі (төменгі сол бұрыш) нейротизм деңгейлі интровертті баланың белгілері көрсетіледі. Оң жақта жоғарғы (жоғарғы бұрыш) немесе төменгі (төменгі бұрыш) нейротизм деңгейлі экстраверт балаларға тән белгілер көрсетілген.

Айзенктің жекелік сұрақнамасы

1. Айналада шу және асығыстық болғанды жақсы көресің бе?
2. Сені қолдайтын және жұбататын достарды жиі қажетсінесің бе?
3. Сабақтан тыс уақытта сенен бір нәрсе туралы сұраса тез жауап бересің бе?
4. Кейде ашулы, ызалы боласың ба?
5. Көңіл-күйің жиі өзгере ме?
6. Өзге балалармен кездескеннен гөрі, жалғыз болғанды ұнатасың ба?
7. Әртүрлі ойлардан ұйықтай алмайтын кездерің бола ма?
8. Саған айтқандай әрекет етесің бе?
9. Біреуді әзілдегенді жақсы көресің бе?
10. Ешқандай себепсіз өзіңді бақытсыз сезінген кездерің болды ма?
11. Сіз көңілді адамсыз ба?
12. Мектепте тәртіп бұзған кездерің болды ма?
13. Сені көп нәрсе ашуландырады ма?
14. Саған тез әрекет ететін жұмыс ұнай ма?
15. Сен орындалуы мүмкін болған, бірақ бәрі жақсы аяқталған, әртүрлі жағымсыз оқиғаларды уайымдайсың ба?
16. Кез келген құпияны саған сеніп айтуға бола ма?
17. Көңілсіз достарыңның көңіл-күйін көтере аласың ба?
18. Кейде ешқандай себепсіз жүрегіңнің қатты соғатын кездері бола ма?
19. Біреумен татуласу үшін әдетте бірінші қадам жасайсың ба?
20. Өтірік айтқан кезің болды ма?
21. Сен орындаған жұмыста адамдар кемшілік тапса, қатты ренжисің бе?

22. Күлдіргі оқиғалар айтып, өз достарыңмен әзілдескен ұнай ма?
23. Өзіңнің ешқандай себепсіз шаршап тұрғаныңды жиі сезінесің бе?
24. Сен алдымен сабақ орындап, кейін ойнайсың ба?
25. Сен әдетте көңілді және ризасың ба?
26. Өкпелегішсің бе?
27. Өзге адамдармен ойнағанды және сөйлескенді ұнатасың ба?
28. Сен әрдайым жақындарыңның үй шаруасы бойынша сұраған көмегің орындайсың ба?
29. Басың қатты айналатын кездерің бола ма?
30. Біреуді қолайсыз жағдайға қойып, оған күлгенді ұнатасың ба?
31. Сені бір нәрсе жалықтырғанын жиі сезінесің бе?
32. Кейде мақтанғанды жақсы көресің бе?
33. Өзге адамдардың ортасында жиі үндемей отырасың ба?
34. Кейде сен қатты уайымдағаннан бір орында отыра алмайсың ба?
35. Тез шешім қабылдайсың ба?
36. Мұғалім жоқ кезде сен кейде сыныпта шулайсың ба?
37. Саған жиі қорқынышты түстер кіре ме?
38. Барлық нәрсені ұмытып, өзіңнің достарың, таныстарыңның ортасында шын көңіліңмен көңіл көтере аласың ба?
39. Сені өкпелету оңай ма?
40. Біреу туралы жаман нәрсе айтқан кездерің болды ма?
41. Өзіңді қамсыз адаммын деп айта аласың ба?
42. Қолайсыз жағдайға түскен кезде кейін қатты уайымдайсың ба?
43. Сен шулы және көңілді ойындарды жақсы көресің бе?
44. Саған ұсынған нәрсенің бәрін жейсің бе?
45. Сенен біреу бір нәрсе сұраса саған бас тарту қиын ба?
46. Қонаққа жиі барғанды ұнатасың ба?
47. Өмір сүргің келмейтін сәттерің бола ма?
48. Ата-анаңмен қатал болған кездерің болды ма?
49. Сені көңілді адам деп санайды ма?
50. Сабақ орындағанда жиі алаңдайсың ба?
51. Сен көңілді ортаға қатыспай, бөлек қарап отырғаныңды ұнатасың ба?
52. Әдетте әртүрлі ойлардан ұйықтай алмайсың ба?
53. Саған берілген істі орындайтындығыңа әдетте сенімді боласың ба?

54. Өзінді жиі жалғыз сезінесің бе?
 55. Бейтаныс адамдармен бірінші сөйлескенге ұяласың ба?
 56. Кеш болған кезде бір нәрсеге шешім қабылдайсың ба?
 57. Достарыңның біреуі саған айқайлаған кезде, сен де айқайлайсың ба?
 58. Ешқандай себепсіз кейде сен өзінді ерекше көңілді немесе көңілсіз сезінесің бе?
 59. Қонақта, ертеңгіліктер, жаңа жыл шыршасында нағыз рахат алу қиын деп санайсың ба?
 60. Бір нәрсені ойланбай әрекет еткеннен жиі мазасызданасың ба?

Айзенк сұрақнамасын өңдеу кілті

Шкала	Сұрақ №	
	Ия	Жок
Экстра-версия	1,3,9,11,14,17,19,22,25,27,30,35,38,41,43,46,49,53,57	6,33,51,55,59
Нейро-тизм	2,5,7,10,13,05,18,21,23,26,29,31,34,37,39,42,45,47,50,52,54,56,58,60	
Жалғандыққа бейімділік	8,16,24,28,44	4,12,20,32,36,40,48

Айзенк шеңбері

Тұрақсыз

Тез ренжитін
 Аландаушы
 Ригидті
 Тұжырымдауға бейім
 Пессимист
 Ұстамды
 Тұйық
 Тыныш

сезімтал
 мазасыз
 агрессивті
 қозғыш
 тұрақсыз,
 өзгермелі
 импульсивті
 белсенді

Интровертті

Экстравертті

Енжар
 Сак
 Ақылды
 Мейірімді
 Көңгіш, бақыланатын
 Сенім тудыратын
 Сенімді
 Тура
 Бір қалыпты
 Тұрақты

ашық
 байланысқа тез түсетін
 әңгімешіл
 қайырымды
 еркін
 жарқын
 аландауға бейім емес
 көшбасшылыққа бейім

Оқушылардың жүйке жүйесін анықтау

Мақсаты: Оқушының бойындағы темпераментінің басым типін анықтай отырып, жүйке жүйесінің қызметіне мінездеме беру.

Орындалуы: Бұл әдістеме жүйке жүйесі қызметінің ерекшеліктерін (ептілік, өзін-өзі ұстай білушілік, салмақтылық, байсалдылық т.б.) білуге мүмкіндік береді. Ол үшін әдістеме мәтініне зер салып, мұқият оқу керек. Ұсынылған әрбір бөлімде түрлі жағдайдағы мінез-құлықтың төрт нұсқасы берілген. Солардың ішінен өз мінез-құлқына сәйкес келетін тек бір ғана нұсқасын таңдау керек. Тапсырманы орындауға 15 минут уақыт беріледі. Орындау барысында сөйлеуге болмайды. Бұл басқалардың ойын бөлуі мүмкін. Әдістемені топпен және жеке жүргізуге болады.

Әдістеменің нәтижесін шығару

Әдістеме нәтижесі бойынша оқушыда әр түрлі темперамент ерекшеліктері бірге кездесуі мүмкін. Егер бір графада 8 белгіден (+) көп болса, онда оқушыда темперамент типі анық көрінген. Бірақ бұл сирек кездеседі. Көп жағдайда белгілердің саны екі не үш графасымен сәйкес келеді. Мысалы:

а) 2 бағана бірдей не шамалас болса, (м: 5-5-2-0, 6-5-1-0, 5-4-2-1 т.б.) онда темпераменттің 2 типі бірдей ерекшеленетіндігін көреміз;

ә) Белгінің (+) 1 бағанада басымырақ болуы (7-4-1-0, 6-3-2-1, 7-5-0 т.б.) темпераменттің 2 типінің біреуі басымырақ екендігін көрсетеді

б) Кейде оқушының жауабындағы белгілердің (+) саны бірдей

3 бағанада бөлінуі мүмкін (м: 4-4-4-0, 4-3-4-1, 5-4-3-0 т.б.). Мұндай жағдайда 4 темперамент типінің ерекшеліктері оқушының бойында көрінбейтіндігін байқаймыз

в) Кейбір жағдайларда (м: Белгілердің (+) бірдей 4 бағанада бөлу: 3-3-3-3, 4-3-3-2) оқушы нұсқауды дұрыс түсінбегенін немесе тапсырманы орындаудан әдейі бас тартқандығын ескеруі қажет. Мұндай жағдайда себебін анықтау қажет болса, зерттеуді қайта жүргізу керек.

Кілт

№	Сангвиник	Холерик	Флегматик	Меланхолик
1	1.3	1.2	1.1	1.4
2	2.1	2.2	2.4	2.3
3	3.4	3.1	3.3	3.2
4	4.4	4.3	4.2	4.1
5	5.2	5.4	5.1	5.5
6	6.1	6.3	6.4	6.2
7	7.3	7.1	7.2	7.4
8	8.4	8.2	8.3	8.1
9	9.2	9.4	9.1	9.3
10	10.1	10.3	10.4	10.2
11	11.3	11.1	11.2	11.4
12	12.4	12.2	12.3	12.1

1.1 Көңіл-күйі тұрақсыз, тез өзгереді, қуанышы ашуға айналуы мүмкін

1.1 Көңіл – күй бірқалыпты, сабырлы, салмақты

1.2 Көңіл –күйі көтеріңкі, көңілді, жарқын

1.3 Көңіл- күйі түсіңкі, жиі мұңаяды

2.1 Белсенді іс-әрекет, жоғарғы ептілік, жылжымалық, жігерлік

2.2 Сабырлы, байсалды, бірқалыпты дауыспен, ым-ишарасыз баяу сөйлейді

2.3 Ұялшақ, сенімсіз, әлсіз және жай сөйлейді, ым-ишара қолданбайды

2.4 Тынышсыз, үнемі асығыс, жылдам, тез қимыл-әрекет жасап, жылдам сөйлейді

3.1 Сәтсіздіктерге қарамастан, алға қойған мақсатқа жетуге ұмтылу, басқа оңай жол іздемеу

3.2 Сәтсіздіктерге қатты ренжіп ол істі қайтадан қолына алғысы келмейді.

3.3 Сәтсіздіктер болған жағдайда жұмысты орындаудың оңай жолдарын іздеуге ұмтылады

3.4. Сәтсіздіктерді тез ұмытып, кез келген жұмысқа қайта кіріседі.

4.1 Тез шаршайды, қиялдағанды, армандағанды ұнатады.

4.2 Жұмысты белсенді орындайды, шаршаса аяқтамай кейінге қалдырады

4.3 Қажырлы еңбектеніп, бастаған істі қайткенде де бітіруге талпынады

4.4 Кез келген жұмысты орындайды, бір уақытта бірнеше жұмысты бірге атқара алады

5.1 Қарым-қатынас барысында әсерлі, қатты күледі, қимылдарды көп қолданады

5.2 Айналасындағы адамдармен қарым-қатынас жасауға, араласуға ұмтылады, олардың көңіл-күйін көтеруге тырысады

5.3 Адамдармен қарым-қатынас барысында байсалды, сыпайы, әдепті.

5.4 Айналасындағылармен қарым-қатынас жасауға араласуға ұмтылмайды, шулы ортаны ұнатпайды, бірақ жақын достарымен жиі араласады.

6.1 Басқа адамдардың қуанышымен және қайғысымен бөліседі

6.2 Танымайтын адамдардың қуанышымен және қайғысымен бөліседі

6.3 Барлық сезімін тек жалғыз өзі, ешкімге айтпай бастан кешіреді, бәрін ішінде сақтайды

6.4 Сезім күйлерін ашық түрде басынан кешіреді, айналасындағылармен, кейде танымайтын адаммен де бөліседі.

7.1. Ескертуді ұрыспай, дауласпай тыңдайды

7.2. Ескертуге ашуланып, дауласады, ақталады

7.3. Барлық ескертуді мұқият тыңдап, қатесін түзетуге тырысады

7.4. Кез келген ескертуге ренжіп, қайғырады

8.1. Бір жұмысты бітірген соң келесі жұмысты бірден бастай алмайды, шаршағанда өзін әлсіз сезінеді

- 8.2. Сирек шаршайды, бірақ басқа жұмысты бастауы қиын
- 8.3. Басқа жұмысқа тез ауысады, бірақ білдірмей, соңына жеткізбей қалдыра салады.
- 8.4. Қиын тапсырманы бітіргеннен кейін, тез басқа жұмысқа кірісіп кетеді.
- 9.1. Қатты ренжіп өкпелейді, бірақ тез ұмытып кетеді.
- 9.2. Жай ғана ренжіп өкпелеп, тез ұмытып кетеді.
- 9.3. Ренжісе қатты өкпелеп, қиналады, ұзақ уақыт ұмыта алмайды.
- 9.4. Іштей қиналып ренжиді, өкпелейді.
- 10.1. Әзіл –қалжыңды жақсы көреді, жеңіліп қалса ренжімейді.
- 10.2. Сирек қалжыңдайды, өзіне қалжыңдаса жиі өкпелеп қалады.
- 10.3. Орынды әзіл - қалжыңды жақсы көреді, әрі бағалайды, бірақ ойынға қатыспауды жөн көреді.
- 10.4. Адамдарды әзілдегенді жақсы көреді, оларға ұнайды ма, жоқ па, ол туралы көбіне ойламайды.
- 11.1. Жұмысты бастамас бұрын мұқият ойланып, жоспарлап алады, ал жоспары бұзылса, қайта жасауға жиі қиналады.
- 11.2. Соңы не болады деп ойланбастан, кез келген жұмысқа кірісе береді, егер өзгеріс болса, қиналмай қайта жалғастырады.
- 11.3. Жұмыс жоспарын тез құрады, оның орындалуы барысында жұмыс талаптарының өзгерісіне қиналмайды.
- 11.4. Өзіне сенімсіз болғандықтан жұмыстың жоспарын құруға қиналады, дайын жоспармен жұмыс істегісі келеді, өзгерістер болса, ары қарай не істерін білмей қиналады.
- 12.1. Өте әсерленгіштігімен ерекшеленеді, эстетикалық әсершіл.
- 12.2. Өзін үйреншікті ортада жақсы сезінеді, әсерленуге ұмтылмайды
- 12.3. Өте керемет әсерлерді жақсы көреді, олардың үнемі өзгеріп отырғанын қалайды, бірақ оған өзі белсенді ұмтылмайды.
- 12.4. Әртүрлі әсерлердің өзгеріп тұруына көп көңіл бөледі, қонакқа көрмелерге т.б. өте жиі барады.

«Кактус» әлістемесі

Мақсаты: Жеке өзінің ерекшеліктерін жағымды және жағымсыз мінез – құлық бітістерін тану.

Қажетті құралдар: таза парак 20*3, жәй қалам, түрлі түсті қаламдар, өшіргіш.

Нұсқауы: “Алдыңыздағы таза паракқа өз ойыңыздағы кактустың бейнесін салыңыз”

Әдістеменің нәтижесін өңдеу:

1. Егер де кактустың парак бетінде орналасуы - ірі, үлкен ортада болса, ол - адамның басымдау жағы, ортада болғанды ұнатады, өзіндік бағалауы өте жоғары, көсем болуға талпынады, барлық жерде бірінші болуды мақсат етеді.

2. Егер кактус парактың жоғары жағында салынса, онда өзіндік бағалауы жоғары, өзіне көңіл аударғанды жақсы көреді.

3. Егерде кактус парактың төмен жағында кішкентай болып салынса, онда өзіндік бағалауы төмен, өзіне сенімсіз адам.

4. Кактустың инелерінің көптігі - агрессияның белгісі.

5. Инелері үшкір, ұзын, жиі болып салынса, онда агрессияның басымдылығын білдіреді.

6. Инелері майда, сирек орналасса, онда өз бойындағы агрессияны қолға ұстай алады, шыдамды.

7. Кактустың контуры бір үзілмейтін сызықпен салынған болса, онда коммуникативтік қасиеттері жақсы дамыған, мейірімді, ақкөңіл адам.

8. Кактустың контуры жиі үзілген сызықпен, болмаса штрих ретінде салынса, онда ашуланшақ адамның белгісі.

9. Сызықтары ирек (кактустың ішінде) - интроверт, тұйық сак адам.

10. Жалғыз кактус - экстрроверт, көңілді көбірек тек өзіне, өз мәселесіне бөледі.

11. Кактустың айналасындағы кактустар - жұртқа – өзін көрсету, ашық, ұйымшыл, досы көп адам.

12. Ашық түстерді қолданса, онда оптимист, өмірде не болса да, жақсылыққа жориды.

13. Қара, қоңыр түстерді қолданса немесе штрихталса, онда үрей мен қорқыныштың белгісі.

14. Кактусты әшекейлесе, гүл салса, онда нәзік, сезімтал адам.

15. Кактусты ыдысқа салу; онда отбасындағы қамқорлыққа ұмтылу, жағымды психологиялық ахуал.

16. Шөлдегі немесе ыдыссыз салынған кактус; онда жалғыздықты сезіну немесе ұмтылу, отбасындағы нашар психологиялық ахуалды білдіреді.

Зерттелуші адамға суретке байланысты қосымша сұрақтар қойса болады. Сұрақтар:

1. Бұл кактус жабайы ма?
2. Инелері қолға қатты бата ма, ұстауға бола ма?
3. Кактус баптағанды, қамқорлықты ұната ма?
4. Кактус жалғыз өсе ме? Жоқ па?
5. Кактус өскенде қалай өзгереді?

Жауаптар:

1. Жауабына байланысты жанұя қамқорлығына ұмтылуы байқалады.
2. Агрессия деңгейі
3. Өзіне назар аударудың деңгейі
4. Ұйымшылдық деңгейі
5. Мінез-құлқының өзгеру бағыты

“Әлемде жоқ жануар жануар” әлісін зерттеу кілті

1. Қанат - батылдықтың белгісі.
2. Құйрық-өзі шешім қабылдай алады, ойын қорыта алады.
3. Құйрық жоғары қарап тұрса, өз-өзімен жүретіндер.
4. Құйрық төмен қарап тұрса - өзінің істеріне қанағаттана алмайды.

Көп талшықтан тұрса - өз сөзіне және қылығына қызығады, ұнайды.

5. Сызығының сызылуына байланысты.

Мысалы: үшкір бұрыштары – агрессивті адам болғаны.

6. Сызықты бұлғап алу-сіздің қорғаушыңыз қолайсыз деп қорқасыз.

7. Сіз неден қорқасыз және неден жасырынғыңыз келеді - оны суретті қара бояумен бояғанынан көруге болады.

8. Жоғарғы контур – сіз, дәрежесі үлкен адамдардан қорқасыз.

9. Төменгі контур - сіз өзіңіздің жұмысшыларыңыз бен бағынушыларыңыздың алдында “беделді” емессіз.

10. Жануардың ішкі жақтарын сәндесеңіз – ол әрдайым жағымсыз жағдайларды күтіп жүресіз және өзіңізді қорғауға дайынсыз. Оң жаққа салынған контур - сіз әрдайым өмірге шынайы қарайсыз. Сол жақ контур - сіз өзіңіздің ойыңызды қорытуға тырысасыз.

11. Орташа энергиясы қалың болып сызылса - уайымшыл адам болғаны, жіңішке болып сызылса – орташа энергиясының жетіспеушілігін көрсетеді.

12. Мүйіз - агрессивті адам.

13. Түрлі шаш қойылымдары қарама-қарсы жыныстағы адамдарға қызығушылықты білдіреді.

14. Аяқ үлкен болса, қолайлы өз ісіне жауапты. Табаны кіші болса, сіз белгілі бір шешім қабылдау кезінде ырымшылсыз.

15. Егер екі аяғы да бір-біріне ұқсап, бір жаққа бұрылып тұрса, сіз бәрі сияқты ойлаумен әрекет етуге дағдыланасыз.

16. Суретті сәндеу үшін салынған бантиктер, шашының бұйралары т.б. - сіз өзіңізді әдемі етіп көрсеткенді ұнатасыз.

4. Көп аяқтар, қолдар, мұртшалар салынса, бұларға тек бір мамандық иесі болу аз, сіз көп жұмыспен айналыса аласыз.

5. Егер сурет парактың жоғарғы жағына қарай салынса - ол адамның өзін-өзі бағалауы жоғары болғаны. Егер сурет төмен салынса - сіз өзіңізге сенімсізсіз, өз-өзіңізді төмен бағалайсыз, мәселені шеше алмайсыз.

6. Барлық суреттер ішінен ең үлкен бас болса - сіздің ортаңыз кең, ойлау қабілетіңіз парасатты.

7. Парактың сол жағы қарама-қарсы эмоциялармен және енжарлықпен байланысты. Парактың оң жағы уайыммен белсенді іс-әрекетпен байланысты. Бұл әсіресе жануардың басының бұрылысынан байқалады.

8. Егер оның түрі қауіпті болса, тістері ырсынып, тырнағын шығарып тұрса, онда сіз өз мақсатыңызға жетуді бірінші орынға қойып, агрессия көрсету арқылы өзіңізбен қатар тұрған адамның керекті нәрсені тартып аласыз.

9. Жылан салсаң (тілін шығарып), өтірікке жаны құмарлық, қулық.

10. Арыстан салса - агрессивті, өзін бастық етіп көрсету, өз айтқанын болғызу.

11. Мысық, ит, тиін-көп жағдайдан жеңіліп жүретін, ұтылатын адамдар.

12. Құс және жәндіктер бәріне көнгіш, жағдайға тез үйреніп кететін адам.

13. Адамды салса немесе жануарға адам киімін кигізіп қойса - сіз балалық шақтан жасыңыздың, ойыңыздың өтіп кеткендігі.

Тұлғааралық қатынасты анықтайтын әдістер

Сіз өзге балалардан қалай ерекшеленесіз.

(“Адам салу” тесті) Ф. Гудифактың тестіне негізделіп, 1946 ж.ж. К. Маховер жасаған. Әдістеменің мақсаты: Баланың жеке дара ерекшеліктерін анықтау.

Нұсқау: “Өзіңе ұнайтын адамның суретін сал”. Егер бала салғысы келмесе, оны қызықтыру қажет. Қойылған барлық сұрақтарға жанама түрде жауап беру қажет. Мысалы: “сен бастасаң” әрі қарай тез салынатын болады. 1. Кім бейнеленген. 2. Автордың сөзі бойынша ол дәл қазір не істеп жатыр. 3. Фигураның пропорционадығы және бөлек бөлшектердің орналасу ерекшеліктері беріледі. 4. Боялуы және көркемделуі. 5. Қосымша жабдықтар болуы. 6. Сызықтың сапасы.

Нәтижені өңдеу. Бас. Интеллектуалдық сферасының символы. Егер маңдай болмаса, онда бала сапалы түрде ақыл-ой сферасын жоққа шығарады. Бас пен дененің бөліктері баланың физикалық және рухани қатынастар арасын көрсетеді. Бастың үстіндегі бейнеленген зат, мысалы: шляпа сыртқы әлемнің әсерінен қорғануды білдіреді. Бет-әлпет қарым-қатынас бейнесі. Қарым-қатынаста қиыншылықтары бар бала бет әлпетті нақты салмайды немесе оны ең соңында салады. Егер бала беттің барлық бөліктерін дұрыс салынса, онда бала өз-өзіне қатты қызығады, әдемі көз, ұзын кірпік-эстетиканың басымдылығын, ал қыздарда жыныстық сәйкестікті көрсетеді. Құлақ - егер олар бар болса, онда қабылдаудың ашықтығын немесе қоршаған ортаға байланысты сақтықты көрсетеді. Егер көз үлкен және қарашықтары боялуы немесе қарашықсыз, бірақ штрихталған болса, онда ол қорқыныштың немесе алаңдаушылықтың белгісі. Ауыз - егер ол ашық болса онда ол агрессияның немесе агрессивті мінездің вербальді бөлінділігін көрсетеді. Тістің бейнеленуі, ол да агрессия болып саналады. Еркін-жыныстық жетілуді көрсетеді, қыздардың суретіндегі толық ерін жыныстық сәйкестікті көрсетеді. Мұрын - бөлек өңделмейді. Беттегі кейбір бөліктердің жоқтығы интеллектуалдық жетіспеушіліктің деңгейін көрсетеді. Мойын - өзінің ішкі сырларын қалыпта ұстау. Ұзын мойын - әуесқойлылықты көрсетеді. Қол – белсенділікпен қарым-қатынасты бейнелейді. Қолдардың жан-жаққа салынуы – қарым-қатынасқа тез түсетіндігін білдіреді. Қолдарды қалтаға салып қою немесе артында көрсетпей ұстау – қарым-қатынасқа тез түсе алмайды, тұйық қанағатсыздық бар. Егер саусақтар жақсы нақты салынса

басқаруға және жаңа құрылымдарға қабілетті. Тырнақтары бар ұзын саусақтар және жұдырықтың салынуы – агрессияның белгілері. Қолсыз алынған дене - енжарлықты білдіреді. Аяқ - тәжірибелік бағдарлауға бағытталған тіректің тұрақтылықтың белгісі

СОЦИОМЕТРИЯ (1 сынып)

1 тоқсан соңында өткізіледі.

Өткізілу мақсаты: Ұжым қалыптасуының алғашқы кезеңінде шеттетілген баланы анықтау.

Балалар мерекелік дастархан және 4 үстелі бар сурет кескінделген парақтар алады.

Психолог:

Сикыршы келіп әрқайсысымыздың туған күніміз болатындай жасайды. Ал туған күнге не қажет?

Балалар:

Мерекелік үстел, қонақтар.

Психолог:

Мерекелік үстел сіздерде бар. Өздерің отыратын үстелді таңдаңыздар да, баспа әрпімен өздеріңіздің атыңызды қойыңыздар, мысалы: мен – Айбек Айтбеков,...

- оның қанша қонағы болатынын кім біледі?

Балалар: үшеу

Психолог: қонаққа сіздер тек өз сыныптарыңыздан шақыра аласыздар. Сикыршы осылай айтты. Бос үстел жанына шақырылған қонағыңыздың аты мен фамилиясының бас әріпін жазыңыз.

Қорытынды кезең.

Психолог:

- Туған күнде міндетті түрде тағы не болады?

Балалар:

- Сыйлықтар.

Психолог:

- Сикыршы біздің барлығымызға ерекше сыйлық дайындады. Ол сіздердің аяулы тілектеріңізді орындауға даяр. Парақты екінші жағына аударып тілектеріңізді жазыңыздар. Егер тілегіңіз шын мәнінде аяулы болса, ол міндетті түрде орындалады.